



**ЕРІКТІЛЕР
ЕЛ МҮДДЕСІНЕ
ҚЫЗМЕТ
ЕТУДЕ**

3-бет



**ӘЛЕМДІК
МӘСЕЛЕЛЕР
ЛИДЕРЛЕР
ӘРЕКЕТІМЕН
ҒАНА
ШЕШІЛМЕЙДІ**

8-бет

**ҰТЫСТАН
ҚҰР
ҚАЛМАҢЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып, ұтысты болыңыз!
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**
Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып: «Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

**ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ
17 ШІЛДЕДЕ АНЫҚТАЛАДЫ.**

Ал, іске сәт!



ЗАҢ

zangazet@mail.ru
№48 (3579) 30 маусым 2023

газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ: ЖАЛАҚЫНЫ КӨТЕРУ ЖАҒДАЙДЫ ТҮЗЕЙ МЕ?



Picodi халықаралық сервисі 2021 жылы әлемдегі ең төменгі жалақының рейтингін жариялады. Оның қорытындысы Қазақстандағы жалақы мөлшері 56 елдің ішінде ең соңғы орында екенін көрсетті. Бұл мәселе Мемлекет басшысын да бейжай қалдырмады. Нәтижесінде Президент үкімет мүшелері мен өңір әкімдерінің, сондай-ақ, депутаттардың айлығын көтеруге бесжылдық мораторий жариялады және үкіметке айлығы шайлығына жетпейтін халықтың еңбекақысын көтеруге байланысты бірқатар тапсырмалар берді.

(Соңы 2-бетте)

ТАНЫМ

КРИПТОИНДУСТРИЯ НАРЫҒЫНДА ОЙЫНШЫ КӨБЕЙДІ

Қазақстанда жақында Bybit криптобиржасының жұмыс істеуге рұқсат алғаны туралы ақпарат жарияланды. Алайда, әлі күнге дейін БАҚ-та криптобиржаның кімге, қандай пайдасы барын түсіндіріп беретін ешкім табымай түр. Өйткені, көпшіліктің криптобиржа тұрмақ, криптовалютаға қатысты түсінігі мен қаржылық және құқықтық сауаты әлі төмен. Бұған криптоиндустрияны заңнамалық реттеудің негізі біздің елімізде 2020 жылдан кейін ғана қаланғаны өз ықпалын тигізуде.

«XXI ғасыр ғылым мен техниканың цифрлық дәуірі. Қазір ешкім азаннан кешке дейін кетпен шауып, мал бағып, жүк түсіріп байымайды. Қолда барынды ұқсатып, тиімді пайдалана білсең ақылмен-ақ ақша табуға болады. Мәселен, сенің бір жыл бойы еңбектеніп жүріп төлдеткен малыңды сатып тапқан пайданды қазір біреулер цифрлық технологияның арқасында бір сағатта, екіншісі бір күнде, үшіншісі бір аптада, төртіншісі бір айда табады. Өйткені, жер үстіндегі темір сым тартылған шекаралар жойылып, жаһандық ықпалдастықтың арқасында алыс-беріс жерілдеп, біреудің жер-көтен таба алмай жүрген затына екінші адам интернеттің арқасында оп-оңай қол жеткізуде.

(Соңы 6-бетте)

ТҰЛҒА

ТҰРАНСЫЗ ТАРҚАМАҒАН АЛАШ ШЕРІ

Қайран Алаш ардақтыларының қысқа болса да, қуғын-сүргінмен өтсе де мағыналы, мазмұнды, ғибратқа толы ғұмыры еріксіз сүйсіндіреді, таңқалдырып, тамсандырады, ойландырады, әрі қабырғаңды қайыстырып өкіндіреді. Елі мен жерін осыншалық махаббатпен жалындай сүйген, жолына жанын құрбан еткен қайран ерлердің тағдыры басқаша шешілуге тиісті еді ғой.

Азғантай мөлшерде болса да бақытқа келуге, екіншісі біріншісі қолы жетіп адам қатарлы несібелі болуға қақысы бар еді ғой дейсің. Халқы үшін осыншалық сарқылмас байлық, қазына қалдырған, әрі асыл арналы, тағылымды жолымен өнеге шашып, ұрпағына ұлы ұлағат, өлмейтін мәңгілік жасай берер идея қалдырып кеткен арыстарымыз қуғын-сүргінге толы, тайқы маңдай талайсыз ғұмыр кешіп арманда өтіпті!

Алаш арыстары дегенде қазақ баласының жүрегі шерленбей тұра ма, өзегін өрт жайламай, жайбарақат қала ма? Олар, тіпті, еш күнәсіз, таза, ақ өлімінің өзімен жұртының жүрегінде айықпас таңба қалдырыпты. Әрине, олар өлмес, өшпес идеяларымен тағдыр

жолдары бастан кешкен тарихымыздың ең бір шерлі кезеңі болып қала бермек, жадымызда жаңғыра бермек. Бұл ауыр да болса мәңгіліктің өзіндей қастерлі ұғым. Ал осы шерлі тарихты, қайғысы басым қаралы, қастерлі, қасиетті кезеңді мәңгіліктің өзіндей қылып, таңбалап қалдырған, айшықтап, әспеттеп өткен ақын – Мағжан Жұмабаев.

Алаш ардақтыларының баршасы шетінен дарынды, таланты мен талапшылдығы, кеменгерлігі мен күрескерлігі, даналығы мен даралығы қатар жарысқан айрықша қуатты, құдіретті, тау жыққандай екпінімен империяның зәре-құтын қашырған, сонысымен олардан тезірек құтылуға итермелеген жан-жақты, жаратылысы өзгеше жандар еді. Міне, осын-

дай іріктелген топ ішінен Мағжан ақынның мойнын оздыра, көтермелей атауымыздың өз қисыны бар.

Турасын айтқанда, Алаштың мұрат-мүддесін жарқырата танытып, асқақтата жырлаған Мағжандай ақын болған емес. Ол алаш мүддесін ақындық пафоспен, биік көркемдік деңгейде жырлап қана қоймай, шығармашылық ұстанымы мен бағыты арқылы алаштың өткен дәуірдегі жоғалтқанын іздеген, елі мен жерін түгендеген, қайта басын қосып, біріктіру мұраты жолындағы жоқшысына айналды. Ескі дәуір мен жаңа дәуір арасына алтын көпір болмаққа ниеттенді, осы мақсат-мүдденің жалынды күрескеріне айналды. Мағжанның тап осы талабы – империяның ең қауіптенген, сескенген нәзік тұсты бағыты болатын. Әрине, ол түсінікті де: Мағжан асыл жауһар жырларында үнемі еске салатындай, көне Көк Түрік баласының салтанат құрған заманын осы күнгі күшейіп алған жұрттар жақсы біледі. Білгені сол, оны император би-

леушілері де арнайы тапсырмамен тарихшыларына түбірінен тексертіп, бір-біріне аманат жазып қалдырып, кімнен сақтануы керектігін ескертті, тіпті, құжаттарымен бекіттіргені жайлы деректер табылғаны белгілі. Содан бері, «қорыққан бұрын жұдырықтайды» дегендей, көршілес империялардың, әсіресе, қарауылына жиірек іліктіргені, Мағжан Көк Түріктің, Алтын Орданың қара шаңырағын сақтап қалған жұрт деп әспеттейтін, салтанатын асырып отыратын Қазақ Ордасына, бүгінгі қазақтың ордалы жұртына шүйлігіп келуі тегіннен-тегін емес еді. Қазақ Ордасының басына күн туып, бұрынғы айбынынан айырыла бастаған қара бұлт төнген заманда, бір кездегі өзімен ағайындас, мүдделес жұрт – қалмақ-жоңғарлардың шапқыншылығына тап болғанда, көршілес екі империяның бұған жасаған ықпалы аз болмаған. Түпкі мақсат – ежелгі түркінің еншілес екі мықты жұртын өзара сүзістіріп, сосын екеуін де «қалпақпен соғып» бағындырып алу. Қайран Мағжан қайсар жырларында осыны үлкен өкінішпен жиі еске алады, алашын ояту, сілкіндіру мақсатымен Көк Түріктің бұрынғы салтанатын қайта-қайта еске түсіреді. Өттең, аңғал ақын, немесе, Мағжан тектес Ахмет, Міржақып секілді өршіл рухты Алаш ақындары өз жырлары өздерінің сорына айналатынын қайдан білсін.

(Соңы 8-бетте)

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ: ЖАЛАҚЫНЫ КӨТЕРУ ЖАҒДАЙДЫ ТҮЗЕЙ МЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыған орай, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2022 жылы біршама жұмыскердің жалақысы кезең-кезеңімен өсетінін мәлім етті. Олардың арасында мұрағатшылар, кітапханашылар мен мұражайтанушылар, орманшылар, техникалық қызметкерлер бар. Осылайша, қарапайым еңбек адамдары үшін басты мәселеге айналған сең қозғалып, еңбекақы төлеуді арттыру бойынша шаралар қолға алынды.

Былтыр ең төменгі жалақы 42 500 теңгеден 60 мыңға көтерілді. Сонымен бірге еңбекақысы 60 мыңнан аспайтындар айлығы жыл сайын 20 пайызға көбейіп, 2025 жылы екі еселенетін болды. Десек те, жалақыны көтеру жұмыс сапасын жақсартта ала ма? Басты мәселе осында болса керек.

Бұлай дейтіміз, төтенше жағдай кезінде кімнің де болса жалақыны ойлап жатпай, өз міндетін адал атқаруға тырысатынын Семей орманында болған өртте өмірін қиғандар дәлелдеп кетті. Соңғы мәліметтерге жүгінсек, орманшылардың ең төменгі жалақысы 80 мен 90 мың теңгенің арасын құрайды, 1 шілдеден бастап бұл көрсеткіштің екі есеге өсетіні ресми түрде жарияланды.

Орманшыларды бөліп-жарып айтып отырғанымыз, оларға жұмыс барысында аңмен де, адаммен де, тілсіз жаумен де, табиғаттың кез келген дүлей күшімен күресуге тура келеді. Сондықтан, орманшылар ең қиын, әрі қауіпті мамандықтар қатарына кіреді. Еліміздің баға жетпес байлығы табиғатты қорғап, көгалдандыруда орманшылардың орны бөлек. Мемлекетіміздегі орман қорын қорғап, сақтаумен, оны көбейтумен айналысатын мамандық иелерінің еңбектері осы уақытқа дейін ескерілмей келді.

Экологтар төтенше жағдайдың алдын алуда немесе оны мүлде жоюда ең бірінші материалдық-техникалық базаны жақсарту қажеттігін айтады. Заманауи техника, құрал-жабдық, киім-кешек, т.б.

қажетті заттармен қамтамасыз етілген және мықты даярлықтан өткен жағдайда ғана орманшы, өрт сөндіруші, құтқарушы, т.б. болсын кез келген апатты ауыздықтауда өзінің барлық мүмкіндігін пайдалана алады. Ал, «он екіде бір сайманы» сай емес адам не істемек? Өкінішке қарай, біздегі қазіргі жағдай осындай күйді кешіп тұр.

Орманшылардың материалдық-техникалық базасының 2027

жылға қарай 100 пайызға жаңартынын Экология және табиғи ресурстар министрі мәлімдеді. Сала қызметін жақсартуға жасалып жатқан мұндай игі істер орманшы болуды қалайтын жастар қатарының көбеюіне, сол арқылы маман тапшылығының жойылуына ықпал етсе нұр үстіне нұр болар еді. Тіршілік атаулы табиғатпен ғана сәнді десек, оны қорғап, аялау біздің келер ұрпақ алдындағы парызымыз.

Сіз не дейсіз?

Ермек СЕЙТБАТТАЛОВ,
ескери сарапшы,
отставкадағы полковник:

«Жүйе жұмысы кешенді түрде жүргізілуі керек»

– Орманшылардың жалақысын көтеру керек дұрыс, бірақ, жүйе жұмысын түбегейлі өзгертпейінше, яғни, жұмысты кешенді түрде ұйымдастырмайынша жағдай түзелмейді. Орманда өрт шыққан сайын әртүрлі себеп айтылады, мысалы, найзағай түсті, ыстық болды дейді. Алайда, оны болдырмау жолдарын қарастыру кемшін болып тұр. Мысалы, күн ысысымен орман ішіне бірнеше дрон жіберіп, бақылау жасалуы тиіс. Бізде мұндай жұмыс мүлде жоқ.

Өзім орманды жерде өстім, табиғаттың жай-күйін жақсы білемін. Семейде полк командирі болған кезімде 1996 жылы орман өртінен өшіруге де қатыстым. Сондықтан, орманшылар ең алдымен өртке, жауын-суға, т.б. қарсы құрал-сайманмен толықтай қамтамасыз етілгені жөн. Бұл жерде ескеретін басты мәселе орманшыларды әскерилер сияқты арнайы жаттығудан үнемі өткізіп отырудың пайдасы зор.

Біз де кез келген төтенше жағдайдың алдын алу немесе оны жою шаралары мүлде дұрыс ұйымдастырылмайды. Мысалы, оңтүстік өңірлерде жыл сайын су тасқыны болады. Қаптарға топырақ салып бөгеттер жасайды. Шын мәнінде мұндай жұмыс тасқынды тоқтатпайды. Мен жұмыс бабымен Тундра өңірінде еңбек еттім. Сол уақыттары байқағаным, қалың қар еріп, сай-саланы су басқанда айналадағы ауылдарға зиянын тигізбес үшін арнайы арықтар, яғни, терең жыралар қазылады. Каналдардың маңайына да сондай жыралар қазып, қақпақтар жасап қояды. Су арнасынан көтерілгенде жыраға бұрып жібереді. Бізде де осындай тиімді шаралар жасалуы тиіс. Қазіргідей қолдан бөгет қою мәселені шешпейді. Су тасу немесе өрт шығу қаупі бар аймақтардың барлығы үнемі бақылауда болуы және мұндай істерді арнайы қызметтер әкімшіліктермен бірігіп ұйымдастырулары тиіс. Сала қызметіндегі жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенде ғана жұмыс нәтижелі болады.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газет»



ҒАЛАМТОР АЛАЯҚТАРЫ АЗАЯР ЕМЕС

Соңғы жылдары елімізде алаяқтыққа қатысты қылмыстар саны еселеп өскен. Үйінен шықпай-ақ, алаяқтарға миллиондаған қаржысын аударып беріп немесе онлайн дүкендердің жалған жарнамасына алданған да халық көп. Оңай жерден пайда табамын деп, опық жеп жатқандардың ішінде қаржылық пирамидаларға да алданатындар көп. Мәселен, биыл қаңтар-сәуір айларының қорытындысы бойынша елімізде «Қаржылық пирамиданы құру және басқару» бабы бойынша 45 қылмыстық құрқы бұзушылық тіркелген көрінеді. Мамандар бұл статистиканы бір жыл бұрынғымен салыстырып азайып келеді деп жұбатып отыр.

Нақты статистиканы сөйлетер болсақ, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 6,3% азайғаны көрінеді. 2022 жылдың төрт айында елімізде қаржылық пирамидаларға қатысты 48 жағдай тіркелгенін ескерсек, мұны салыстырмалы түрде азайып келе жатыр деп айтуға болады. Алайда әлі де болса миллиондаған қаржысынан айырылып жатқандардың бар екенін ескерсек, тез арада ғаламтор алаяқтығының алдын алу қажеттігін түсінеміз. Осы орайда Үкімет те қол қусырып отырған жоқ. Ғаламтор алаяқтарының көбейіп бара жатқанын ескере отырып, көптеген шаралар жасалып жатыр. Мәселен, үш жыл бұрын ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2021–2022 жылдарға арналған ведомстволық бағдарлама әзірленген. Бағдарлама аясында көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл бағдарламаның мақсаты – ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстарды ескерту, жолын кесу, анықтау және тергеу бойынша қабылданатын шаралардың нәтижелілігін арттыру, ақпараттық технологияларды пайдаланумен байланысты қылмыстылық деңгейін төмендетуді көздейді. Аталмыш бағдарлама саладағы мәселелердің оң шешілуіне өз ықпалын тигізді.

Биыл қаңтар-сәуір айларында елімізде 382 адам қаржы пирамидаларының құрбаны болған, бұл бір жыл бұрынғыдан 3,3 есе көп. Яғни, қаржы пирамидаларының саны азайғанымен құрбандар саны азаймай отыр. Интернет-алаяқтық деп ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықтық иемденуді айтамыз. Бұл жерде қылмыскер ақпараттық жүйелерді, яғни компьютер, смартфон, планшет секілді құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап-арбап, олардан ақша бопсалау, мүлкін жымқыру секілді әрекеттерге барады. Интернет желісін пайдаланатын алаяқтар дәстүрлі алдау қағидаларын ұстанғанымен, олардың көбісі трансшекаралық сипатқа ие, яғни қаскүнемдер басқа аймақта, кейде басқа елде жүрген азаматтарға қатысты қылмыс жасайды. Сондай-ақ, интернет-алаяқтар негізінен жалған құжаттарды пайдаланып, үшінші тұлғалардың атынан жиі әрекет етеді.

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ

ПОЛИЦИЯ – ҚОРҒАНЫҢ

Қазақстан полициясы – қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін еліміздегі аса маңызды құрылымдардың бірі. Полициялардың кәсіби біліктілігі мен сертінге беріктігінің арқасында қоғамда тұрақтылық қалыптасып, адамдардың құқық қорғау органдарына сенімі арта түсті.

1992 жылы 23 маусымда ҚР Жоғарғы Кеңесі «ҚР Ішкі істер органдары туралы» заңды қабылдаған болатын. Бұл ҚР полициясының қызметі мен міндетін анықтайтын алғашқы құқықтық акт болды. Қазақстан полициясы күні – осы жауапты қызметті жолға қоюдың басы-қасында болған ардагерлерге және бүгінде осы қатарда еңбек етіп жүргендерге ризашылықпен алғыс сезімін білдіру күні.

Сонымен қатар, бұл күн бейбіт уақытта қазақстандықтардың тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін өз өмірін құрбан еткендерге құрмет көрсету күні саналады.

Осыған орай Түркістан облысы Полиция департаментінің жаңа ғимаратында мерекелік шара өтті. Жиынға Түркістан облысы ПД басшылық құрамы мен ішкі істер органының ардагерлері, жеке құрам қатысты.



Жиында ҚР Мемлекеттік Туы құрметпен кіргізіліп, Әнұран шырқалды. Абай облысындағы орман өртіне байланысты жылдағыдай мерекелік концерт өткізілмеді.

Сондай-ақ, ішкі істер саласында қызмет барысында қаза тапқан полиция қызметкерлерінің рухына бас иіп, 1 минут үнсіздікпен еске алу рәсімі өтті. Олардың жұбайларына гүл шоқтары мен бағалы сыйпаттар тарту етілді. Құттықтау бейнероликтері көрсетілді.

Ал алғашқы құттықтау сөзді ПД бастығы-

ның орынбасары полиция полковнигі Бауыржан Сапар алып, халықтың тыныштығы үшін қызмет етіп жүрген полицейлерге ыстық лебіздерін білдірді. Одан кейін марапаттау рәсімі жалғасып, ҚР ІІМ бұйрығымен кезектен тыс полиция майоры атағы Айгерім Төрегелдиеваға берілді. Ал полиция подполковнигі атағын Әуелбек Каликулов, Қайрат Шабидинов, Есенжан Жанысбаев иеленді. Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін медалі Ғалымжан Тұрашбеков пен Серік Қа-

рабаевқа тапсырылса, І дәрежелі ішкі істер органдарының үздігі төсбелгісі Ержан Сәбитханұлы мен Бағлан Серікбаевқа тағылды. ҚР ІІМ-нің Құрмет грамотасымен баспасөз хатшысы Гүлнар Абдужаппарова марапатталды. Ал ІІМ Грамотасымен Қуаныш Кузаев, Шыңғысхан Мұратбекұлы марапатталды. Министрліктің Алғыс хаты Ердоқ Қалыбаев, Қалижан Мұсаимов, Нұрлан Икимбаевтарға табысталды.

Сонымен қатар, облыс полицейлеріне Түркістан облыстық мәслихатының, Түркістан облыстық «АМАНАТ» партиясының марапаттары табыс етілді. Ал ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті бастығының Алғыс хатымен Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы полиция полковнигі Асылхан Төреханов, жылдам қимылдайтын арнайы жасақтың командирі полиция подполковнигі Қанат Дильдабеков, оқу-жаттығу взводы командирінің кәсіби қызметтік және денешынықтыру даярлығы жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі Серік Абдуллаевтар марапатталды.

Түркістан облысы ПД басшылығы тарапынан жазылған грамота, алғыс хат, 30 жылдық төсбелгілер өз иелеріне үлестірілді.

Осылайша өңірдің өркендеуі мен дамуы үшін аянбай еңбек етіп, өздерінің қызметтік міндеттерін адал атқарып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген ең үздік қызметкерлерге қошемет көрсетілді.

Мерекелік құттықтау сөздерін ҚР ІІО Құрметті ардагері Мұхтар Ермеков, Оспанғазы Жанқожаевтар жалғап, ыстық ықыластарын білдірді. Іс-шара соңында Полиция департаментінің жаңа ғимаратында ашық есік күні өтті. Яғни, жиынға арнайы келген қоңақтар жедел-басқару орталығы ғимаратын аралап, ондағы қызметкерлердің жұмысымен танысты. Сондай-ақ, алдағы істеріне сәттілік тілеп, естелікке суретке түсу рәсімімен қорытындыланды.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ФОРУМ

БАЗЫНА

ЕРІКТІЛЕР ЕЛ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ

Астанада волонтерлердің халықаралық форумы өтті. Алқалы жиынға әлемнің 34 мемлекетінен 140-тан астам волонтер арнайы келді. Сондай-ақ, Қазақстанның өңірлерінен 400-ге жуық адам қатысты.



Форумның қатысушылары мен қонақтары тұрақты даму мақсаттарын іске асырудағы волонтерлік үлесінің құндылығы мен маңыздылығын талқылады. Форумға мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі. Президент елімізде еріктілер қызметінің жан-жақты дамып келе жатқанын баса айтты. Бұл ретте Тоқаев мырза соңғы жылдары елімізде ауқымды реформалар қолға алынып, тың жобалар жүзеге асырылып жатқанын, істің жемісті болуы үшін бүкіл қоғам ат салысуы қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, мемлекет пен қоғамның сенімді серіктестігі өте маңызды. Осы орайда еріктілердің рөлі айрықша. Бүгінде олар қоғамның түрлі саласында белсенді жұмыс істеп жүр. Қазақстанда 2020 жыл еріктілер жылы болды. Біраз шаруа атқарылды. Қазір еліміздегі волонтерлік ұйымдар саны 3 есе өсті. Яғни, 680 ұйым бар. Еріктілердің саны 200 мыңға жетті. Барлық аймақта фронт офистер ашылды. Онда мыңдаған волонтер дайындықтан өтті. Qazvolunteer.kz платформасы жасалды. Бұл форумның негізгі мақсаты – еліміздегі еріктілер қозғалысын дамыту және оны қолдаудағы іс-шаралармен таныстырып, әлемдік аренада Қазақстан-ның оң имиджін қалыптастыру. Жалпы, соңғы жылдары еріктілерге ерекше назар аударылып келеді. Елімізде соңғы үш жылда еріктілердің саны 3 есе көбейген. 2019 жылы волонтерлер ұйымдарының саны 50-ден астам болса, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 680-ге жеткен. Ал еріктілер төрт жылда 50 мыңнан 200 000-ға өскен. Осыларды айта келе Мемлекет басшысы қазақстандық еріктілерге қолдау білдіріп жүрген БҰҰ өкілдеріне «Шын мәнінде бұл зор мүмкіндік. Сондай-ақ, біздің волонтерлер Иордания, Кения, Тайланд және Түркия елдеріне арнайы барып, тәжірибе жинақтады. Осы тұста мен Қазақстан еріктілеріне қолдау көрсетіп жүрген БҰҰ өкілдеріне алғыс айтамын. Осындай маңызды шаралар алдағы уақытта да жалғасады. Себебі, еріктілер қатарында қоғамға адал қызмет ету – бір күндік не болмаса уақытша жұмыс емес, бұл әр волонтердің өз еркімен таңдаған өмірлік мақсаты. Жалпы, волонтер болу патриотизмнің, яғни, отаншылдықтың жарқын үлгісі. Бұл адамгершілік құндылықтарын бәрінен жоғары қоятын жандардың өмір салты. Еріктілер еңгелі істері арқылы қоғамды дамытуға зор үлес қосады», – деп ризашылығын білдірді.

Халықаралық волонтерлер форумы аясында «Тұрақты даму мақсаттары» іске асырудағы волонтерлік үлесінің құндылығы мен маңыздылығы сессиясы өтті. Онда форумға қатысушылар халықаралық волонтерлікті дамытудың практикалық тәсілдерін, тұрақты даму мақсаттарын іске асырудағы волонтерлердің үлесін талқылады. Халықаралық волонтерлік бастамаларды іске асыру бойынша проблемалық мәселелерді және оны шешу жолдары жайлы сөз қозғады. Сарапшылардың пікірінше, еріктілік шетелде халықаралық жобалардың маңызды бөлігі. БҰҰ бағдарламасында жыл сайын шамамен 130 ел, соның ішінде Қазақстан да өз қызметін жүзеге асыруда.

БҰҰ Бағдарламасы Қазақстанда 1993 жылы пайда болды. Келесі үш онжылдықта біздің елден 300-ден астам БҰҰ еріктілері тартылды. Қазақстандықтар Ауғанстан, Бангладеш, Нигер, Мозамбик, Өзбекстан, Вьетнам, Түркияда БҰҰ-ның халықаралық еріктілері болып жұмыс істеді.

Қазақстандағы БҰҰ өкілдігі екі басты мақсатта жұмыс істейді: волонтерлікті және волонтерлік инфрақұрылымды дамытуда ел Үкіметін қолдау және БҰҰ агенттіктерін Қазақстаннан баратын еріктілермен қамтамасыз ету. БҰҰ Қазақстанда өтетін волонтерлік бойынша алаңдар мен ірі халықаралық іс-шараларға қатысады.

Форум аясында, сонымен қатар, «Әлеуметтік волонтерлік және инклюзия» сессиясы өтті. Сессия барысында қатысушылар әлеуметтік волонтерлік ынтымақтастықты, өзара көмек пен халықтың әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуын дамыта отырып, қоғамдық өмірде маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Қазақстан даму үшін қажетті орта құрып, оның қоғамдық игілікке баға жетпес оң үлесін тани отырып, осы қызмет саласын әртүрлі деңгейлерде белсенді қолдайтын ел.

Сессияға қатысушылар бұл бағытқа байланысты бастамалардың көбінесе адамдардың жүректеріне жол табу арқылы қоғамдық резонанс тудыратынын атап өтті. Елдегі әлеуметтік волонтерліктің даму деңгейі инклюзивтілік дәрежесі сияқты қоғамның жетілу көрсеткіші ретінде қарастырылуы мүмкін. Сессияда әлеуметтік волонтерліктің ең ерекше кейстері қаралды, осы бағыттағы елдер арасындағы өзара іс-қимылдың өсу нүктелері белгіленді. Сондай-ақ, қатысушылар қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында, әсіресе, волонтерлік қозғалыста инклюзивтілік деңгейін арттырудағы жұмыстардан мысалдар келтірді.

Халықаралық волонтерлер форумы аясында «Білім беру мен цифрландырудағы волонтерлік бастамалар» тақырыбында да сессия өтті. Сессия барысында қатысушылар білім беру мен цифрландырудағы волонтерлік бастамалар жаңа технологияларды енгізу және қашықтықтан коммуникация құралдарын пайдалану арқылы оқытуды оңайлату мақсаттарын көздейтінін атап өтті.


Қазақстан электрондық үкіметті дамыту бойынша елдер рейтингінде 28-орын және азаматтардың электрондық қатысу рейтингінде 15-орын алады. IT технологиялардағы қарқынды прогресс білім беруге де әсер етті, оқу процесін цифрландыру саласындағы волонтерлерге сұраныс өсті. Сессияға қатысушылар өңірлер мен ауылдық жерлерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамту тәсілдерін, онлайн-платформаларды дамытуды және e-education-дағы соңғы трендтерді қарастырды.

Халықаралық волонтерлер Форумның қатысушылары денсаулық сақтау саласындағы волонтерлердің де рөлін талқылады. Бұл орайда денсаулық сақтау саласындағы волонтерлік соңғы жылдары қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты ерекше өзектілікке ие болғаны айтылды. Коронавирустық инфекцияның бүкіл әлемде таралуы денсаулық сақтау жүйесіне үлкен салмақ салды. Мәселен, медициналық персонал, дәрі-дәрмектер, көлік, үй-жайлар тапшы болды. Әсіресе, адам ресурстарының жетіспеушілігін ерекше атап өтуге болады. Осы қиын кезеңде медициналық мекемелерге қолдау көрсетуге дайын адамдар көмекке келді.

Спикерлердің пікірінше, медициналық волонтерлер өте тар және ерекше бағыт. Дәл осы жерде ерекше волонтерлерді жиі кездестіруге болады, өйткені бұл сала өте ерекше және қауіпті. Бұл ретте адамдардың қайда баратынын түсінуі, дайындалуы және оқуы маңызды.

Айша ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

2022 жылдың қаңтар-желтоқсан айларының ішінде спирттік өнімдер бағасы орташа есеппен 14,8 пайызға қымбаттаған. Нақтырақ айтқанда, сыра 18,9 пайызға, арақ 13,8 пайызға, шарап 11,6 пайызға қымбаттаған. Дегенмен, спирттік өнім саудасын қыздырушыларды баға райы аса алаңдатпайды екен.



АШЫСУ САУДАСЫНА «АУЫЗДЫҚ» БОЛМАЙ ТҰР

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өткен жылы 139,9 млн литрден астам арақ, коньяк және спирт Қазақстан нарығында сатылған. Алкогольдік өнімдердің сатылымын статистикалық бақылау тарихында мұндай көрсеткіш бұрын соңды болмаған көрінеді. Абсолютті рекорд. Атаулы өнімдерді сату 2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 90,4 пайызға көбейген. Бұл көпшіліктің қалауы мен таңдауынан шығатын сыра өнімін қоспағандағы цифрлар. Сырашылар жыл көлемінде 756,1 млн литр сусынды тұтыныпты. 19 млн халқы бар жас мемлекет үшін бұл көрсеткіш тым көп секілді. Бұның себебін жауаптылар былай түсіндіріп бақты. Сатылымның артқанына шетелден келушілердің де үлесі зор көрінеді.

«Кер заманның кезінде» деп басталатын Мөңке бидің болашаққа жасаған болжамында «Құрамалы, қорғанды үйің болады, Айнымалы, төкпелі биің болады, Халыққа бір тиын пайдасы жоқ, Ай сайын бас қосқан жыын болады» дейтін сәуегейлі сөзі бар еді. Асылында пайдасынан зияны көп жиындар легінің тартып қоятын жиындар болса керек. Мерекешіл халықтың спирттік өнімдерді көптеп тұтынуы да заңдылық шығар. Халқымыз баласының фәни дүниеге іңгәлеп келгеннен бастап, 60, 70, 80 жастық мерейтойына дейін атап өтіп жүр. Сол қуаныштарда үстел басынан атаулы сусындардың табылатынына да біраз болды. Ішімдік бар жерде қылмыс та, құқық бұзушылық та көбейетіні сөзсіз.

Мамандар ішімдік өнімдерін тұтынудың жасарып келе жатқандығын

айтады. Бұрындары арақ ішті дегенді алпыстан асып, зейнет жасына шыққан жандардан еститін едік, қазір мектеп жасындағы балалар үшін де ащы су таңсық емес. Оған басты себеп ретінде алкогольдік өнімдерді жасөспірімдерге емін-еркін саудалайтын кәсіп иелерінің жауапсыздығы. Сауір айында «Жаңа адамдар» атымен тіркелген жастар қозғалысы Астана қаласының дүкендеріне әлеуметтік эксперимент жасап көрген. Олар көмәлетке толмаған жасты азық-түлік дүкендеріне жұмсап, спирттік өнім саудалауын сұраған және оны бейнекамераға түсірген. Нәтижесінде экспериментке тартылған 22 дүкеннің 7-үйі ұйым белсенділеріне түрлі сусындарды сатқан. Бұл деректер бойынша жергілікті полиция арнайы хаттама толтырып, спирттік өнім саудагер еңшісіне қайтарылған. Бұл бағыт бойынша жалпы жағдай біз бен сізге айтпаса да етене таныс. Сауда орталықтарында тыйым салынған өнімдер жасөспірімдерге ашық сатылып жатыр. Бес саусақ бірдей емес кәсібіне адал, заң шеңберінде жұмыс жасайтын жандар жетерлік деп ақтағанымыз да келеді ау, алайда басым көпшілігінің жайын білесіз.

Ащы су саудасына «ауыздық» болмай тұр» деп жазғанымызбен, төмендегі сандарды көріп ауыздықтағысы келетін біреу бар ма деген заңды сауал көкейімізде туды. Мәселе алкогольдік өнімдерді өндіру жайында. Өткен жылдың есебі бойынша сатылымдағы сусындардың барлығы дерлік елімізде өндірілген. Мәселен, мерекелік сусын болып табылатын шампанның 96,4 пайызын, сыраның 92,4 пайызын, арақ-ликер

өнімінің 84,8 пайызын өзіміз шығарады екенбіз. «Атқыш» судың 3,6 пайызы, «Сары» судың 7,6 пайызы, «Ақтың» 15,2 пайызы шет елдерден импортталған. Өндіру ісі кенжелеп қалған біз бұл тұсқа келгенде «ішкі сұранысты толық қанағаттандырып отырмыз» деп кеуде керуге болады екен. Әрине, осыны мақтанатындай іс деп тапсаңыз. Қош, нарықтық уақытта бұл дүниелердің ел экономикасына ілгерілетіп, мемлекет қазынасына қаптап салық әкеліп жатыр деп келісейік. Алайда ақшадан бұрында маңызды құндылықтарымыз бар емес пе?! Әлеуметтік мәселелердің басым көпшілігі шайтан судың салдарынан емес пе? Еліміздегі тастанды балалардың көбейгені, ерте жүктілік, ұрлық, адам өлтіру секілді қылмыс біткеннің барлығына түрткі болып отырған да осы ащы су. Бұл мәселе Үкімет сағаттарында, Президент деңгейінде қаралу керек. Сатылым мәселесіне шектеу қойылып, өндіріс көлемін азайтуымыз қажет!

Ел азғындалғанда яки білімсіздене бастағанда аңғау халыққа арама молдалар табыла кететіні де заңдылық. «Арақ» сөзін әлемжеліге жазып, іздене бастағанымыз сол еді «Маскүнемдіктен айықтырамын», «Ішіп кеткен күйеуіңді қайта қазына келтіріп беремін» дейтін жарнама иелерін көптеп кездестірдік. Айтуларына бірі суға арнайы дұға оқиды-мыс, енді бірі ішімдікке салынған адамның тамағына қосып беретін арнайы құрам даярлайды екен, тағы біреулер анонимдік топтар арқылы емделуді жөн көреді. «Дем саламын, түшкіремін, қамшымен сабалаймын» дейтіндер де жетерлік. Медицина мамандары алайда мұның көпшілігі тек ақша табу үшін оңай ойластырылған түрі деп баға берді. Ішкілікпен күрес тек адамның ішкі жан дүниесінде өтуі керек. Адам өзі шын қаламаса түбі ескі әдетімен табысады екен. Сондықтан арақ ішуден арылу үшін адамның ішкі түсінігі мен психологиясы мығым болуы шарт.

Қасиетті Құран-Кәрімнің «Маида» сүресінің 90-91-ші аяттарында «Ей, иман келтіргендер! Арақ ішу, құмар ойнау, пұтқа табыну, оқпен бал ашу, бескелесу – шайтанның арбауынан болатын дүниелер. Бақытты болам десендер бұлардан аулақ болыңдар. Шайтан сіздердің араларыңызды жауластыру, өзара өшестіру үшін арақ пен құмар ойындарын қолданады. Осы арқылы намаз оқуларыңа бөгет жасап, тәңірлеріңді естеріңнен шығаруға тырысады. Құмар ойнау мен арақтан сонда да безбейсіңдер ме...», – делінген. Жүрегінде иман желектерінің бір күлтесі болсын, барлық жанға түсінікті болсын деген ниетпен діннен де насихат ұсынып көрдік.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ІНДЕТ

Біріккен ұлттар ұйымының жанындағы Балалар қорының (ЮНИСЕФ) ақпараты бойынша суицидтен ТМД елдері арасында Қазақстан Ресейден кейінгі екінші орында екен. Яғни, 100 мың адамға шаққанда 20,7 адамнан келеді. Бұл көрсеткіш 1989 жылмен салыстарғанда 3,5 есеге өскен.

Өзіне-өзі қол жұмсау жағдайларының 41 пайызы жұмбақ жағдайда, 19 пайызы жазалау алдындағы қорқыныш, 18 пайызы жан дүниесіндегі тұрақсыздық, 18 пайызы отбасындағы әртүрлі жағдайлар, 6 пайызына әр түрлі сипаттағы қорқыныштар, 1,5 пайызы жалғыздық, 1,2 пайызы ауыр дертке шалдығу себебінен көрінеді. ЮНИСЕФ-тің дерегіне сүйенсек, 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдердің өз өміріне қол салу фактісі жөнінде Ресей 100 мың адамға шаққанда 23,3 коэффициентімен көш бастаса, Қазақстан 20,7 коэффициентімен екінші орында.

Мына бір мысалға көңіл аударсақ 2007 жылы бір ауданда өзіне-өзі қол салудың 10 фактісі тіркелген. Ал, 2008 жылы бұл көрсеткіш 2,8 есеге артып, 28 санын құрады. Келесі жылдар да оңып тұрған жоқ. Аса қатты алаңдатар нәрсе суицидтің жылдан-жылға санының артуы ғана емес, «жасарып» келе жатқандығы. Мәселен, ауданда 2005 жылы жасөспірімдер арасында 3 суицид орын алса,

СУИЦИД: БҰЛ ДЕРТТЕН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

2006 жылы – 4, 2007 жылы ол сан 5-ке жетіпті. Бұлардың алды 19 жаста. Жастар санатына 18 бен 35 жастағыларды қосамыз. Елдегі соңғы 2020 жылдан бергі статистика көңілді тіпті көншітпейді. Жасөспірімдер арасындағы суицид тіпті сәнге айналып бара ма дейсің?!

«Қазақстанская правда» газетінде Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы мынандай дерек келтіріпті: «Соңғы 50 жыл ішінде әлемде өзін-өзі өлтіру 1,5 есеге өскен: жылына 900 мыңға жуық адам суицид арқылы бұл өмірмен қоштасды. Ал өзін өлтіруге әрекет жасау фактісі бұл саннан екі есе артық Еуропа аумағы елдерінде 15-35 жастағылар арасындағы суицид саны жол-көлік апаттарынан кейін екінші орында тұр.»

«Заң газетінің» 2023 жылдың 31 қаңтардағы №98-санында «Суицидке саяси деңгейде көңіл бөліну керек» атты материал жарияланды. Енді сол мақаладағы фактілерді саралайық.

«Қазақстанда жыл сайын 4 мыңға шейін адам өз-өзіне қол салу салдарынан қайтыс болады. Яғни, Қазақстанда суицидпен күн сайын 8-11 адам көз жұмса, 9-16 адам өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенеді екен. Ал 2012–2021 жылдардағы деректерге сүйенсек, суицидке барған бес адамның төртеуі ер адам, біреуі әйел адам. Қазақстандықтар арасында жүз мың адамға шаққанда, суицидтің орын алуы бойынша 2012 жылға

дейін алғашқы он елдің қатарында (2000 – жылы 6-шы, 2012 – жылы 10), ал 2019 – жылы 17-ші орында болды. Сондықтан, қазан айының 5-нде «Қазақстан халықтық партиясы» фракциясының 10 және «Аманат» партиясы фракциясының бір депутаты Үкімет басшысының атына депутаттық сауал жолдаған еді. «Заң газетінің» осы санында әскерилер арасындағы суицид мәселесі де кеңінен қамтылған. Газет дабылы мен халық қалаулыларының депутаттық сауалдарының қандай нәтиже беретіні тағы белгісіз?!

Әрине, қай ел, қай ұлттың өкілі болса да ата-ана үшін баласының құдайдың жіберген ажалынан емес, өзін-өзі өлтіріп, өмірден баз кешкеннен ауыр қайғы, уайым болмақ емес. Сөз басында айтып кеткенімдей, біріншіден, суицид ата-бабамызда болмаған, ұлтымызға тән емес, жат қылық. Екіншіден, жер бетіне тарыдай шашылып, аштықты, басқа да қырғынды көп көріп, санын арттыра алмай отырған қазақ үшін суицидтің көбеюі ұлтқа қатер екендігі тағы да шындық. Азапты онсыз да көп тартқан қазақтың басына төнген бұл сұмдықтан қалай құтыламыз? Бұл атың өшкірден жастарымызды қалай құтқарамыз?!

Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі

БІР МҮДДЕ

ЖАҢАРҒАН ЖҮЙЕ ЖАСАМПАЗ



Салтанат УМАРСЕРИКОВА, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

Сот жүйесін дамытуда елімізде жасалған реформалар аз емес. Ол толыққанды іске асып жатыр, әрі өзінің оң нәтижесін беріп келеді. Реформалардың арқасында сот құрылымы мен сот ісін жүргізу бойынша біршама ілгерілеуді байқауға болады. Бүгінде үміткерлерді іріктеудің жаңа әрі қатаң талаптары енгізілді. Болашақ судья атану үшін заңнаманы білумен қоса мінез-құлқы жіті тексеріліп, әссе жаздыратын болады. Бұл 2023 жылғы 5 маусымдағы Жоғарғы Сот төрағасы Мемлекет басшысының қабылдауында болған кезде нақты айтылды.

Сонымен қатар, сот жұмысын ұйымдастыруда кадрлық мәселелер де жолға қойылған. Атап айтқанда, сот жұмысын кешенді ұйымдастыру шараларын әзірлеу барысында сот төрағаларын сайлау арқылы таңдау тәртібін енгізуге, мемлекеттік органдар тарапынан судьяларға қысым жасау жолдарын жоюға, Жоғарғы Сот Кеңесінің құзыретін күшейтуге және ювеналды соттардың қарауына жататын істердің аясын кеңейту жұмыс-

тары қолға алынған. Соттардан жүктемені мейлінше азайту шаралары да кешенді жүргізілгенін атап өту керек. Алдымен азаматтық істер бойынша даусыз талаптар сотқа ағылып түсуі тоқтады. Салық бұйрығы, нотариаттық жазба – сот шешіміне балама әдіс болып енгізілді.

Сот жүктемесін азайтуда татуластыру шараларының сәтті іске асқанын айтқан жөн. Көбінесе азаматтық тәртіппен қаралатын істерде тараптар шешім қабылдайтын уақытта бір ымыраға келіп жататыны жиі байқалады. Талап қою түскен уақыттан бастап іс жан-жақты зерттеліп, шешім қабылдауға дейін шамамен үш айдай уақыт кетеді. Ал дауды соттан тыс және сотқа дейін шешу институты қолға алынғалы бері, даулардың біршамасы сот өндірісіне алынбастан, татуластырушы судьяның әрекетімен қос тараптың бітімге келуімен іс жабылып жатыр.

Осыдан екі жыл бұрын әкімшілік әділет институтын дамыту мақсатында жаңадан Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) енгізіліп, өңірлерде мамандандырылған әкімшілік соттар құрылды. Аталған сот мемлекеттік орган мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы орын алатын жария құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған. Осының негізінде азаматтық тәртіпте қаралып келген кейбір санаттағы істер әкімшілік іс жүргізумен қарауға көшті.

Ал сот жұмысын материалдық-техникалық ұйымдастыруда сот әкімшілігі органы елеулі қызмет жасауда. Қазіргі таңда аталған мемлекеттік органның қызметі нәтижесінде сот қызметін ұйымдастыруда заманауи әдістер қолданылып келеді.

Осы бағыттағы жұмыстар болашақта да жалғаса беретін болады. Ол сот төрелігін жүзеге асыру сапасына, біздің еліміздің құқықтық және экономикалық негізін дамытуға оң әсерін тигізетін болады.

БІЛГЕН ЖӨН

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС ПРИНЦИПТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қылмыстық процестік құқықты сөз қылғанда оның басты екі мақсатын атап өткен жөн. Тікелей және жалпы мақсат. Біріншісі тікелей, әрбір қылмыс жасаған адам әділ жазаға тартылуы тиіс немесе әрбір кінәсіз адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы қажет. Жалпы – заңдылықты нығайту; қылмыстардың алдын алу және жою; азаматтарды құқықтық сауаттылық пен адамгершілікке тәрбиелеу.

Сот талқылауы соттың қалыпты жұмысын және процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайларда сот залында өтеді. Сотқа қатысушылардың өтініші бойынша немесе сотқа келу мүмкін болмаған жағдайда басты сот талқылауы бейнеконференциялық байланыс режимінде онлайн тәртіпте өтуі мүмкін. Бұл жердегі негізгі қағидалардың бірі – сот талқылауына қатысушылардың бәрі сотқа қарап сөйлегенде, айғақтар бергенде және мәлімдеме жасағанда орындарынан тұрады. Бұл қағидалардан ауытқуға (қатысушының денсаулық немесе басқа да жағдайына орай) төрағалық етушінің рұқсатымен жол беріледі.

Сот залына он алты жасқа дейінгі және масаң күйдегі адамдар (егер он алты жасқа дейінгі адам тарап немесе куә болып табылмаса) жіберілмейді. Сот залында фотосуретке түсіруге, дыбыс-бейнежазуды қолдануға және киноға түсіруге процеске қатысушылардың келісімімен және төрағалық етушінің рұқсатымен жол беріледі. Осы әрекеттер сот талқылауының қалыпты барысына кедергі келтірмеуге тиіс.

Сот талқылауы кезінде де және басқа процестік кезеңдерде адам сот отырысында жалпы тәртіпке бағынуы тиіс. Тәртіпті бұзған, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған, сол сияқты сотты құрметтемеуді анық куәландыратын өзге де әрекеттер жасаған кезде (әрекетсіздік кезінде) төрағалық етуші оны сот отырысы залынан шығарып жіберуге немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, сотты құрметтемеу фактісінің анықталғаны туралы жариялауға және кінәлі адамға осы ҚПК-ның 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Бұл жерде ақшалай өндіріп алуды сотталушыға және оның қорғаушысы ретінде қатысатын адвокатына қолдануға болмайтынын есте ұстаған жөн.

Қылмыстық істер бойынша сот өндірісіндегі басты сот талқылау сатысының дұрыс жүзеге асырылуы ең біріншіден, сот процесін жүргізуші органдардың атқаратын қызметінің заңға сәйкес, қатаң түрде жүргізілгеніне тікелей байланысты болады. Қылмыстық істер бойынша сот өндірісіндегі басты сот талқылауы барысында маңызды мәселелер шешіледі. Нақ осы сатыда сот өндірісін жүргізуші органдардан басқа, сот мәжілісіне қатысушы тұлғалар мен тараптардан жауап алынып, істің мән-жайын толығымен ашады. Сотталушы тұлғаның жеке басын анықтап, оған ақтау немесе айыптау үкімін шығару туралы мәселелерге байланысты сұрақтар, басты сот талқылауы сатысында өз шешімін табады. Қылмыстық істер бойынша сот өндірісіндегі басты сот талқылауының маңызы алдын ала тергеу кезінде анықталған қылмыстық істердің мән-мағынасын ашып, ол бойынша баға беру болып табылады. Яғни, бұл жерде сот ісін жүргізуші тұлғалардың алатын орны орасан зор. Мысалы, прокурор мемлекет атынан азаматтардың бұзылған құқықтарын мен заңды мүдделерін қорғаса, қорғаушы өзінің қорғауындағы тарапты қорғап, соттың әділ де дұрыс үкім шығаруына ықпал етіп отырады.

Сонымен, басты сот талқылауы – ортаңғы, негізгі, шешуші сатыдан тұрады. Өйткені, осы сатыда ғана қылмыс жасады деп айыпталған тұлғаның кінәсі дәлелденіп немесе кінәсіздігі анықталып, қылмыстық іс мәні бойынша қаралады.

Қазақстанның қылмыстық істер бойынша сот өндірісіндегі басты сот талқылау сатысының теориялық-тәжірибелік, оқу-әдістемелік, ғылыми түрде жүргізілген зерттеулерді ескере отырып, қылмыстық істер бойынша басты сот талқылауының мемлекет пен қоғам үшін атқаратын қызметінің маңыздылығына, сапасына жан-жақты зерттеу жүргізіліп, тақырыптың мәні мен маңызы толық негізде ашылды деген ойға келуге болады.



Жұлдыз ЖӨКЕЕВА, Қызылорда қаласы №2 сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Қолданыстағы азаматтық немесе қылмыстық заңнаманың талаптарына сай азаматтар өзінің бұзылған құқығын қалпына келтіру үшін сотқа шағымданады. Бұл ретте сот ісін жүргізу бірнеше сатылардан тұрады.

ТЫҢ МӘЛІМЕТТЕР БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕДІ

Азаматтық іс жүргізу сатыларын былай бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – іс қозғау сатысы. Сот азаматтық істерді өзінің құқығын немесе заңды мүддесін қорғауды талап еткен адамның арызы бойынша немесе заңда белгіленген реттерде басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды талап етіп, сотта мемлекеттік басқару органдарының, мекемелердің, кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың немесе жеке азаматтардың арызы бойынша азаматтық іс қозғайды.

Екіншісі – істі уақытылы және дұрыс шешуді қамтамасыз ету мақсатында істі сотта қарауға әзірлеу сатысы. Келесі – іс қарау сатысы. Бұл сатыда сот іс материалдарын қарайды, істі мәні бойынша шешеді. Сонымен қатар, сотта ерекше саты бар. Ол – заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау сатысы.

АПК-нің 455-бабында туындаған немесе орын алған, алайда олар туралы сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін белгілі болған, бұрын қаралған істі дұрыс шешу үшін айтарлықтай маңызы бар заңды фактілер шешімдерді, ұйғарымдарды және қаулыларды жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін негіз болып табылады делінген.

Шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін:

- 1) заңды күшіне енген сот үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған куәгердің көрінуе жалған айғақтары, сарапшының көрінуе жалған қорытындысы, аудармашының көрінуе дұрыс аудармауы, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;
- 2) заңды күшіне енген сот

үкімімен, қаулысымен, қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қаулыларымен анықталған тараптардың, іске қатысатын басқа да адамдардың не олардың өкілдерінің қылмыстық құқық бұзушылығы немесе судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы;

3) осы шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің, ұйғарымының немесе қаулысының не өзге де мемлекеттік орган қаулысының күшін жою негізі.

Алайда АПК-нің 455-бабының бірінші бөлігі заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін дербес негіз болып табылмайтынын ескеруі керек. Қайта қарау үшін негіздер АПК-нің 455-бабының екінші және үшінші бөліктерінде санамаланған, олар түпкілікті нәтиже болып табылады және кеңейте түсіндіруге жатпайды.

Тараптың мәлімделген талапқа негіздеме ретінде дәлелдемелер немесе оған қарсы арыз бермеуі не тараптың басқа тараптағы немесе үшінші тұлғалардағы дәлелдемелерді талап етіп алдыруға көмек көрсету туралы өтінішхатты соттың алдында мәлімдемеуі істі қарауға қатысқан тұлғаның процестік олқылықтарын куәландырады. Мұндай процестік олқылықтар, сонымен қатар жаңа дәлелдемелерді ұсыну заңды күшіне енген сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін негіз бола алмайды.

Арызды қарау нәтижесімен сот арызды қайтару туралы немесе сот актісін қайта қараудан бас тарту туралы немесе арызды қанағаттандыру және шешімнің, ұйғарымның немесе қаулының күшін жою туралы уәжді ұйғарым шығарады.

Қылмыстық істер бойынша ҚПК-нің 53-тарауында көзделген қылмыстық істер жөніндегі сот актілерін



Болат ПАЗЫЛОВ, Жаңақорған аудандық сотының судьясы

жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау іс жүргізуде қылмыстық процестің сатысы болып табылады. Осы мән-жайлар шешім қабылдау кезінде сотқа мәлім болмаған жағдайда, заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау үшін құқықтық негіздер мәселесінің бар-жоғы шешіледі.

Қылмыстық істер бойынша заңды күшіне енген сот актісін қайта қараудың мерзімі азаматтық істерге қарағанда өзіндік ерекшеліктерге ие.

Айыптау үкімін сотталған адамның, ақталған адамның пайдасына қайта қарау ешқандай мерзімдермен шектелмейді.

Ақтау үкімін, істі тоқтату туралы қаулыны қайта қарауға, сондай-ақ, айыптау үкімін сотталған адамның жағдайын нашарлататын негіздер бойынша қайта қарауға тек қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдері ішінде және жаңа мән-жайлар ашылған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей жол беріледі. Бұл ретте сотталған адамның қайтыс болуы жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша ақтау мақсатында іс жүргізуді қайта бастауға кедергі болып табылмайтынын ескерген жөн.

Өтінішхатты қарау қорытындысымен сот өтінішхатты қанағаттандыру немесе өтінішхатты қанағаттандырусыз қалдыру туралы қаулылардың бірін шығарады. Мұның ерекшелігі сол – тараптар сот актісі заңды күшіне енгенде өзіннің конституциялық құқығын қорғауға толықтай негіз бар деген сөз. Себебі, жаңадан ашылған мән-жайлар негізінде сотқа арыз беру арқылы, көптеген азаматтар өзінің құқықтарын қайта қалпына келтіріп жатады.

Осы орайда соттың осы сатысы арқылы кеңінен насихаттау жүргізіліп, құқықтық сауаттылықты арттыруға болады.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

САРАП

Соттылық Азаматтық процестік кодекстің 3-тарауында белгіленген ережемен реттеледі. АПК-нің 29-бабы бойынша талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Өз кезегінде жеке тұлғаның тұрғылықты жері Азаматтық кодексте белгіленген қағидалар бойынша айқындалады.

Бұл жерде АК талабына сай азаматтың тұрақты тұратын елді мекені оның тұрғылықты жері, ал азаматтың тіркелген жері оның заңды мекенжайы болып танылады. Он төрт жасқа толмаған адамдардың (жас балалардың) немесе қорғаншылықтағы азаматтардың тұрғылықты жері олардың заңды өкілдерінің тұрғылықты жері болып есептеледі.

АПК-да белгіленгендей заңды тұлғаға талап қою құрылтай құжаттарына сәйкес және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайға сәйкес заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша сотқа беріледі. Заңды тұлға есептелмейтін ұйымға талап қою оның орналасқан жері бойынша беріледі.

Осы секілді АПК-да талап қоюшының таңдауы бойынша да соттылық қарастырылған. Тұрғылықты жері белгісіз не Қазақстанда тұрғылықты жері жоқ жауапкерге талап қою оның жылжымайтын мүлкінің орналасқан жері бойынша (заңды тұлғаға да қатысты) немесе оның ең соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін. Заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің қызметінен туындайтын талап қою филиалдың немесе өкілдіктің орналасқан жері бойынша да берілуі мүмкін екенін ескере кету керек.

Сонымен қатар, талап қоюшы әке болуды анықтау туралы және алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюларды өзінің тұрғылықты жері бойынша беруі мүмкін екенін

СОТТЫЛЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ ДАУДЫ ОБЪЕКТИВТІ ШЕШУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ



Забира АБЫЛАЙҚЫЗЫ, Қызылорда қалалық сотының судьясы

назарда ұстау қажет. Мертгүден немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, сондай-ақ, асыраушысының қайтыс болуынан келген зиянды өтеу туралы заңдылықты талап қоюшы өзінің тұрғылықты жері бойынша немесе зиян келтірілген жер бойынша талап қоюлар шарттың орындалатын орны бойынша да берілуі мүмкін.

Бұл жерде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы талап қоюлар шарттың жасалу немесе орындалу орны бойынша немесе талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша да берілуі мүмкін.

Сонымен қатар АПК-нің 30-бабының 7-бөлігінде некені боюшы туралы даулар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша онымен кәмелетке толмаған балалары бірге тұрған жағдайда берілуі мүмкін делінген.

Сондай-ақ, қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа заңсыз тартудан, процестік мәжбүрлеу шараларын не әкімшілік құқық бұзушылық

туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын заңсыз қолданудан бұзылған мүлдік және мүлдік емес құқықтарды қалпына келтіру, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін өндіріп алу туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін.

Егер бірнеше жауапкерге талап қоюлар жауапкерлердің бірінің тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін, ал оны таңдау құқығы талап қоюшыға тиесілі екенін ескерген жөн.

Сонымен қатар, тараптар өзара келісім бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында осы іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуде жатқан істер бойынша аумақтық соттылықты өзгерте алады, эксаумақтық соттылықты таңдай алады.

Алайда соттылықты тараптардың келісімімен өзгертуге болмайтын жағдайлар да қарастырылған. Оған жер учаскелеріне, ғимараттарға, үй-жайларға, құрылыстарға, жермен тығыз байланысты басқа да объектілерге; мұра қалдырушының кредиторларының мұрагерлерге, өсиетті орындаушыға; жүктерді, жолаушыларды немесе багажды тасымалдау шарттарынан туындайтын тасымалдаушыларға қатысты талап қоюлар бойынша беріледі және сол жерде орналасқан соттың соттылығына жатады.

Қорытындылай келгенде соттылықты дұрыс таңдау даудың объективті шешілуінің кепілі. Сонда ғана әрбір азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін тиісті органдарға қорғау құқығы жүзеге асырылатын болады.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

– Мейрамбек Шамауұлы, бүгінгі әңгімеңізді елде жеке институт ретінде қалыптаса бастаған алқабилер институты төңірегінде өрбітсек. Осы мәселенің мәні мен маңызына тоқтала отырсаңыз?

– Сот жүйесіндегі заманауи өзгерістер мен тәжірибелер сала өркендеуінің бірден-бір кепілі. Әсіресе, алқабилер соты бұл бағытта жаңашыл идея екені даусыз. Елімізде 2007 жылдан бері қолданысқа енгізілген алқабилер сотына қатысты санаттың көбейіп, ауқымы ұлғая бастады. Сот процесіндегі әділдік пен ашықтық үнемі жаңаруды қажет етеді. Алқабилер сотын енгізудегі басымдық та осы ұстанымдарға сай келетіндей. Бұл замана талабынан туған қажетті процесс болды дегуге негіз бар.

Сот жүйесіндегі басымдық – әділдікте. Барлық бастамалардан күтілетін нәтиженің де осы бағытта дамидыны сөзсіз. Сондықтан алқабилер соты туралы айтқан кезде оның әділдік орнатуға қосар үлесіне ерекше назар аударған жөн. Олай дейтініміз, алқабилер соты сот шешімінің әділ өтуіне ықпалын тигізіп, сот ісіне қатысушылар құқығын қорғауға негіз болады. Оған қоса бұл жүйенің халықаралық

құқықты пайдалана алады. Сотталушының ауызша өтінісхаты сот отырысының хаттамасына енгізіледі, жазбаша өтінісхат іске қоса тігіледі. Сотталушының істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінісхатынан бас тартуы, сондай-ақ, оның осындай өтінісхатты мәлімдегісі келмейтіні сот отырысының хаттамасында, не іске қоса тігілетін сотталушының жазбаша өтінісхатында көрсетілуі тиіс.

Осылайша, өтінісхат мақұлданса, судья сот отырысын тағайындау ту-



Мейрамбек ИБРАШЕВ, Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы:

«АЛҚАБИЛЕР ҚАТЫСАТЫН ІСТЕРДІҢ АРТУЫ – ОҢ ӨЗГЕРІС»

стандартқа жақын әрі сотқа деген елдің күмәнді көзқарасын өзгертуге, сот жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Тіпті, жүйені жетілдіру үшін «Алқабилер» туралы арнайы заң да қабылданғанын білеміз.

– Аймақта алқабилер қараған істер көп пе?

– Республиканың барлық аймақтарындағыдай біздің өңірімізде де алқабилер соты тұрақты өтеді. Қоғамның құқықтық сауаты артқан сайын алқабилер сотының тиімділігі мен артықшылығы алдыңғы қатарға шығуда. Бұл жерде Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында алқабилердің қатысуымен қаралған қылмыстық істер жөніндегі мына мәліметтерді ұсынуға болады. Статистикаға сүйенсек, 2010 жылдан 2022 жылға дейін осы бағытта 33 іс қаралған.

– Алқабилер қатысатын істің ұсынылу реті қалай жүзеге асады?

– Оны ұсыну тәртібіне келетін болсақ, бұл жерде судья алдын ала тыңдауды сотталушылар мен қорғаушыларды қатыстыра отырып, жеке-дара өткізеді. Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімделіп, сотталушы бұл

ралы қаулыда істі алқабилер қатысатын соттың қарайтынын, алқабиге үміткерлердің санын анықтайды. Айта кетерлігі, алқабилер саны 25 адамнан кем болмауы қажет.

Істі алқабилер қатысатын соттың қарауына тағайындау жүргізілгеннен кейін алқабиге іріктеу жүргізіледі. Кейін олардың сот отырысына келуін міндеттейді. Себебі, хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге тиіс.

– Бұл тәсілдің қандай артықшылығы мен кемшілігін ерекше атап едіңіз?

– Жүйе кемшіліксіз емес, әрине. Бұл жердегі басты кемшіліктің бірі – алқаби мүшелерінің кейбірі сот процесіне келуге құлық танытпауы. Себебі де түсінікті. Қарапайым адам болған соң жұмыс, жеке шаруадан босай алмауы мүмкін. Яғни, алқаби болған дәрігер, мұғалім секілді кез келген маман иесі өз жұмысының уақытын реттей алмауы ықтимал. Сондықтан алқабилердің толық жиналмауына байланысты сот процесі кейде ұзаққа созылып кетеді. Сападағы олқылықтың бірі деп осыны айтса болатындай.

Дегенмен, уақыт талабына сай өзгеріс енгізіп отыру өзінің оң нәтижесін де беретіні анық. Ол сәтті жұмысқа жетелейді. Алқабилер сотында мы-

надай өзгеріс орын алды. ҚР-ның 2019 жылғы №292-VI заңына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарын алқабилер қатысатын соттың қарауына жатқызу туралы ережелері 2023 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Нәтижесінде, алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің саны артты. Атап айтқанда, төтенше ахуал жағдайларында, жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру, бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс істері алқабилер сотының құзыретіне кіреді. Сондай-ақ, мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы, террористік және экстремистік қылмыстар, соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар мен аса ауыр қылмыстық істер де алқабилердің қатысуымен қаралады. Бұған дейін алқабилердің қатысуымен қаралатын істер 14 санат болса, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 32 санатты құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда 18 санатқа көбейген. Бұл – оң өзгеріске бастайтын қадам.

– Сұхбатыңызға рақмет. Істеріңіз жемісті болсын.

Ш. ҚАРАЕВА,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

ЖАЛҒАН КҮӘЛІК ЕТУ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА АПАРАДЫ

Азаматтық іс жүргізу қатынастары талап қоюшының сотқа талап-арыз немесе шағым түсірген кезде пайда болады. Азаматтық процесс – соттың, тараптардың, процеске қатысушылардың процессуалдық әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жинақтайды.

Қарапайым тілмен азаматтық сот ісін жүргізуге қатысатын тұлғаларды – соттың құрамы мен іске қатысушылар деп бөлуге болады.

АПК-ның 43-бабында тараптар; үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе осы кодекстің 55 және 56-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтар; осы кодекстің 302-бабында санамаланған сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен өзге де мүдделі адамдар іске қатысатын адамдар деп танылады.

Тиісінше АПК-ның 55-бабына сай заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе азаматтар, ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, әрекетке қабілетсіз азаматтың мүдделерін қорғаушы, бөгде мүдделерді қорғау үшін талап қойған адамдар, заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атынан қорытынды беру үшін процеске кірісе алады. Тараптар деп талап қоюшы мен жауапкер танылады.

Өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғап талап қою берген азаматтар мен заңды тұлғалар – талап қоюшылар, ал өздеріне талап қою берілген азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкерлер болып табылады.

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар – талап қоюшының немесе жауапкердің тарапындағы тараптардың біріне қатысты олардың құқықтарына немесе міндеттеріне ықпал етуі мүмкін тұлғалар. Олар тараптардың және іске қатысушы басқа да адамдардың өтініші бойынша немесе соттың бастамасы бойынша іске қатысуға тартылуы мүмкін.

Прокурор – азаматтық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына мемлекет атынан жоғары қадағалауды жүзеге асыратын тұлға.

Соттар өкілдік етушілер: адвокаттар мен заң кеңесшілер – заң мәселелері бойынша түсіндірмелер, кеңес беретін, өзіне жүктелген міндеттерді атқаратын, кәсіби

құқықтық көмек көрсететін, тараптардың өкілі болып іске қатысатын адвокаттар алқасының немесе заң консультанттар палатасының мүшесі болып табылатын, өз міндеттерін кәсіби тұрғыда атқаратын тұлғалар. Сонымен қатар, заңды тұлғалардың, мекемелердің қызметкерлері де өкіл ретінде сотқа қатыстырылады.

Заңды өкілдер – әрекетке қабілетсіз азаматтардың, кәмелетке толмағандардың және сот тәртібімен әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта олардың ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, патронат тәрбиешілері немесе оларды алмастыратын басқа да тұлғалар.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы қандай да болмасын мәліметтер өзіне белгілі болған кез келген адам куә болға алады. Сот процесіне куә ретінде шақырылған тұлға сот белгілеген уақытта келуге және өзіне мәлім ақпаратты шынайы айтуға міндетті. Жалған куәлік ету – ҚР қылмыстық заңнамасында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

Сондай-ақ, сот ісін жүргізу барысында судьяның сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесуші қатарында сот сараптамасын жасау үшін сарапшыны, ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға консультанттар (түсіндірмелер) беру және көмектесу арқылы дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға жәрдем көрсету мақсатында сот отырысына немесе процесстік әрекеттерге қатысу үшін істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы білімі бар кәмелетке толған адамды маман ретінде тартуы мүмкін.

Жалпы, сотқа қатысушы тұлғалар іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдемелерді табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысатын басқа да тұлғаларға, куәларға, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтінісхаттар, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану туралы, дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша, қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы, татуластыру рәсімдерін қолдану туралы өтінісхаттар беруге құқығы бар. Олар басқа адамдардың құқықтарын теріс пайдаланбай, олардың мүдделерін бұзбай, өздеріне тиесілі барлық процесстік құқықтарды адал пайдалануға тиіс және істерді қарау мен шешу мерзімдерін қасақана созып жіберуге жол бермеуге тиіс.

Эльмира АХМЕТОВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

ТАРАЗЫ

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ СОТ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІ

Сот дәлелдемелерінің ұғымы мен мақсаты сот талқылауы арқылы жүзеге асырылатын істің нақты мән-жайларын анықтау.

ҚР АПК келесі ұғымдар бойынша дәлелдемелер ережесін қалыптастырады: дәлелдемелерді ұсынуды және жинауды сот отырысында азаматтық істі қарау кезінде іске қатысушы тараптар мен басқа да тұлғалар жүзеге асырады (68,202, 213, 216, 217, 420-421 баптар); дәлелдемелерді бағалау соттың құзыретіне жатады (16,68-баптар), іске қатысушы тұлғалар дәлелдемелерге өзіндік баға бере алады, бірақ бұл бағалау жеке сипатта болады және ешқандай заңды маңыздылығы жоқ, яғни іс жүргізу салдарына әкеп соқтырмайды.

Сот тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар ұсынған не соттың сұрау салуы бойынша мүдделі тұлғалардың өтінісхаттары болған кезде алынған дәлелдемелерді зерттеу және бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

АПК-нің 63-бабында сот дәлелдемелері ұғымы қамтылған: іс бойынша дәлелдемелер заңды тәсілмен алынған нақты мәліметтер болып табылады, олардың негізінде заңда көзделген тәртіппен сот тараптардың талаптары мен қарсылықтарының негіздейтін мән-жайлардың, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайлардың болуын немесе болмауын белгілейді. Бұл нақты деректер тараптар мен үшінші тұлғалардың түсіндірмелерімен, куәлардың айғақтарымен, заттай дәлелдемелермен және сарапшылардың қорытындыларымен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді.

АПК-нің 63-бабының 1-бөлігіне сәйкес нақты мәліметтер сот дәлелдемелері саналады. Нақты мәліметтер деп заңды фактілер және істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар туралы мәліметтер есептеледі.

Соттың міндеті – дәлелдеу құжаттарының қай-сысында сот дәлелдемесінің белгілері бар екенін

анықтау, сондықтан дәлел ретінде қарастыру қажет. Сот дәлелдеу күшіне ие құжаттарды іріктеу мақсатында дәлелдеу құжаттарын зерттейді, бағалайды. Сот дәлелдемелерді олардың ақиқаты тұрғысынан бағалайды, өйткені, дәлелдеу іс бойынша сенімді фактілерді анықтауға бағытталған. Заң сотқа ұсынылған барлық құжаттарды дәлел ретінде қарастырмайды. Куәнің жалған айғақтары, сарапшылардың қорытындылары, тараптардың түсіндірмелерін және басқа да жалған материалдарды сот дәлелдемелер қатарынан алып тастайды.

ҚР Конституциясының 77-бабына сәйкес заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ екендігі көзделген. Заңды бұза отырып алынған дәлелдемелер заңды күші жоқ деп танылады және сот шешімінің негізіне алынбайды, сондай-ақ, іс үшін маңызы бар кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдаланылмайды.

АПК-нің 66-бабында дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты мәліметтер көрсетілген. Егер фактілер туралы мәліметтерді олар АПК-нің талаптарын бұза отырып, іске қатысатын адамдардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды шектеу арқылы алынған фактілер туралы мәліметтердің анықтығына ықпал еткен немесе ықпал ете отырып алынған дәлелдемелер ретінде сот жарамсыз деп таниды. Бұдан басқа, істі сот талқылауына дайындау кезінде немесе істі сот талқылауында нақты мәліметтердің дұрыстығына әсер еткен немесе азаматтық процесстің өзге де қағидаларын бұза отырып алынған нақты мәліметтер дәлелдемелер деп танылмайды. Атап айтқанда, алынған нақты мәліметтер дәлел болып саналмайды: зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттерді қолдану арқылы; іске қатысатын адамға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндірмеу, толық немесе дұрыс түсіндірмеу салдарынан туындаған оның

жаңылысуын пайдалану арқылы; осы азаматтық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ тұлғаның процесстік әрекетті жүргізуіне байланысты; қарсылық білдіруге жататын тұлғаның процесстік әрекетке қатысуына байланысты; процесстік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы; белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден; дәлелдеу барысында қазіргі заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы; тараптың немесе іске қатысатын басқа да тұлғалардың дәлелдерін негіздеу немесе теріске шығару мақсатында мазмұнын арнайы дайындау немесе өзгерту арқылы алынған фактілер. Іс бойынша іс жүргізу кезінде нақты мәліметтерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол бермеуді, сондай-ақ, оларды шектеулі пайдалану мүмкіндігін сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысушы тұлғалардың өтінісхаты бойынша белгілейді.

Жоғарыда көрсетілген бұзушылықтармен алынған нақты мәліметтер тиісті бұзушылықтар фактісінің және оларға жол берген тұлғалардың кінәсінің дәлелі ретінде пайдаланылуы мүмкін. «Соттардың азаматтық процесстік заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың 2003 жылғы 20 наурыздағы нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, сот істі сот талқылауына дайындау кезінде, сондай-ақ, істі мәні бойынша нақты қарау барысында да нені дәлелдеу қажеттігін айқындап алуы керек.

АПК-нің 63-73-баптарына сәйкес соттар сот отырысында даудың нысанасына тікелей қатысы бар және өз жиынтығында істің мән-жайларын анықтау, даудың мәні бойынша тараптардың дәлелдерін растау немесе теріске шығару үшін жеткілікті болып табылатын дәлелдемелер ғана зерттелуге тиіс екенін есте ұстауы қажет. Істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуы тиіс мән-жайлары (мысалы, мәміленің елеулі талаптары бойынша дау туындаса, шарт) басқа

ешқандай дәлелдемелермен расталмайды.

Дәлелдемелерді бағалау деп істің барлық нақты мән-жайларын анықтауға және оны дұрыс шешуге мүмкіндік беретін дәлелдемелердің қатыстылығын, жол берілуін, дұрыстығын және жеткіліктілігін айқындау түсініледі. Дәлелдемелердің қатыстылығы мен рұқсат етілуін сот іс жүргізу және материалдық құқық нормаларына сәйкес белгілейді. Дәлелдердің дұрыстығы оның берген мәліметтері шындыққа сәйкес келетінін білдіреді, егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіні анықталса, дәлелдеме анық деп есептеледі. Анықтылық, ең алдымен, мәліметтер алынған дереккөздің, сондай-ақ, дәлелдемелерді алу (қалыптастыру) процесінің шынайылығымен белгіленеді.

Дәлелдемелер ретінде ұсынылған материалдар мен мәліметтер іске қатыстылығы туралы мәселені дұрыс шешу іс бойынша барлық мән-жайларды күш пен тәсілдің ең аз шығынымен дұрыс анықтауды қамтамасыз етеді.

Сот дәлелдемелерін бағалаудың негізінде соттың ішкі сенімімен жүргізіледі. Ол соттың істің барлық мән-жайларын анықтау нәтижесінде біртіндеп қалыптасады және заңда белгіленген іс жүргізу нысандарында тіркеледі. Дәлелдемелерді бағалау есепсіз және интуитивті болмауы тиіс, ол дәлелді болуы керек және бағалау себептері жазбаша құжатта – сот шешімінде көрінуі керек. Кез келген дәлелдеме оның сыртық беделіне немесе беделсіздігіне қарамастан, егер дәлелдеменің объективті мазмұны істің нақты мән-жайларына сәйкес келсе, сот оны қабылдау немесе қабылдамауы мүмкін. Тіпті, сарапшының пікірі сот үшін міндетті емес және ол барлық дәлелдемелерді бағалаудың жалпы ережелеріне сәйкес бағаланады.

М.АҚЫНБЕК,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

КРИПТОИНДУСТРИЯ НАРЫҒЫНДА ОЙЫНШЫ КӨБЕЙДІ

Өмірінде ешқашан, ешнәрсеге тәуекел жасамаған адамдар ғана ешуақытта байымайды. «Қорыққанға қос көрнер» дегендей жаңалықтың бәріне үрке қарамай, оның игілігін бірінші болып көруге асық. Мені саған құдайдың өзі жіберіп тұрмағаныма кім кепіл?», – деп адамның асты-үстіне түсіп, желілік маркетинг не инвестициялық қор деп қаржылық пирамидалардың құрығына іліндіргендер, енді жұртқа криптовалюта насихаттауда. Сондықтан криптовалютаға ақша салып жатқан адамдардың саны елімізде күннен күнге өсуде. Табысқа қызықандарды цифрлық активтерге қатысты инвестициямен байланысты тәуекелдер де тоқтата алмауда. Бұл туралы Астана халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) әкімшілігінің басқарма төрағасы Ернұр Рысмағамбетов Сенаттың жалпы отырысында: «АХҚО экожүйесінде сегіз криптобиржа тіркелген, тағы 19-ын тіркеу жоспарлануда. Қамтамасыз етілмеген қанша криптоактив бар екендігі туралы ресми статистика жоқ. Кейбір мәліметке сәйкес, Қазақстанда криптоактивтерді пайдаланушылар саны 100 мың азаматтан миллионға дейін жетеді. Егер жалпы көлем туралы айтатын болсақ, онда әртүрлі бағалаулар бар, яғни бірнеше миллиардтан бірнеше ондаған миллиардқа дейін жетуі мүмкін», деген еді.

«Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау»

Біреуге көрген түстей көрінгенімен, біреуге сәттілік әкеліп жатқан криптовалюта нарығы әлемнің көптеген елінде қаржылық және құқықтық айналымға енуде. Қазақстан да жаһандық трендтен қалыспай, көш артынан ерді. Оны АХҚО негізінде жүзеге асырылып жатқан FinTech Lab пилоттық жобасынан да байқауға болады. Тіпті, оның аясында 2022 жылдың 8 тамызында АТАІХ Eurasia биржасы нарықта бірінші болып өз жұмысын бастап кетті. Яғни, Орталық Азия, Кавказ, ЕАЭО, Батыс Қытай, Моңғолия, Таяу Шығыс және Еуропа елдерінің экономикасын байланыстыра отырып, аймақтағы бизнес пен қаржы орталығы ретінде басты рөл атқаруды мақсат еткен АХҚО көп инвестор үшін үлкен мүмкіндік беріп тұр. 75 мемлекеттің 2 мыңнан

астам компаниясы тіркелген, 270-тен астам қаржылық және кәсіби қызмет көрсететін компанияның ба-сын біріктіретін бұл орталыққа тар-тылған инвестицияның көлемі 8,3 млрд долларды құрады. Біреулер

Адамның асты-үстіне түсіп, желілік маркетинг не инвестициялық қор деп қаржылық пирамидалардың құрығына іліндіргендер, енді жұртқа криптовалюта насихаттауда. Сондықтан криптовалютаға ақша салып жатқан адамдардың саны елімізде күннен күнге өсуде. Табыс табуға деген қызығушылықтан оларды цифрлық активтерге инвестициялармен байланысты тәуекелдер де тоқтата алмауда.

үшін ол әлі де «айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау» сияқты боп көрінгенімен, ондағы тірлік қаржы мамандары мен өзге де сарапшылар үшін бал арасының омартасы іспетті.

Криптовалюта дәстүрлі ақша стандартына айналуы мүмкін

АХҚО-да тіркелген алғашқы криптобиржаның электрондық пошта менеджері Валентин Матушкиннің сөзіне қарағанда, криптовалюта – интернет арқылы төлемді жіберуге, алуға болатын цифрлық валютаның жаңа түрі. Бұл әлі де даму сатысында және өз тәуекелі бар болса да, олар қаржылық ресурстарды пайдаланудың перспективасы және қызықты әдісі.

Криптовалютаны криптобиржада сатып алуға және сатуға болады, ал олардың бағасы айтарлықтай ауытқуы мүмкін. Бұл трейдинг пен пайда табудың тиімді мүмкіндігін жасай алады. Кез келген басқа нарықтағы сияқты, криптовалюта бағасы да нарықтағы сұраныс пен ұсынысқа байланысты. Егер криптовалютаға сұраныс оның ұсынысынан асып кетсе, онда баға көтеріледі. Егер ұсыныс сұраныстан асып кетсе, онда баға төмендейді. Криптовалютаға сұраныстың өсіп-төмендеуі әлемдегі саяси және экономикалық факторларға байланысты болуы да мүмкін. Тәуекелдер мен кемшілікке қарамастан, криптовалютаның даму перспективасы бар. Бірқатар шетелдік сарапшылар криптовалюта дәстүрлі валюта формасын алмасты-



ратын болашақ ақша стандартына айналуы мүмкін деп санайды.

бастап Қазақстан жаңа индустриядағы әлемдік көшбасшылардың бірі – криптовалютаның (активтердің) цифрлық майнинг болып табылады. Кембридж орталығының деректеріне сәйкес, Қазақстан 2021 жылы жалпы көлемде 18,1% үлесімен Bitcoin криптовалюта майнинг бойынша АҚШ-тан кейін (35,4%) екінші орын алды. Таяудағы 10-15 жылда цифрлық активтер индустриясын дамыту бүкіләлемдік қаржы инфрақұрылымын өзгертеді және жаһандық эко-

және бюджет кірістерін арттыруға арналған заңнамалық бастамалар аясында быыл 6 ақпанда «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» заң қабылданған болатын. Ал 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Салық кодексінің 331-бабына жеке тұлғаларға цифрлық активтерді сату кезінде құн өсімінен жеке табыс салығын төлеуге мүмкіндік беретін түзетулер күшіне енеді.

Мамандар халыққа криптовалюталық операциялары заңды болуы және активтерін растауда қиындық болмауы үшін лицензияланған криптовалюта биржасын пайдалануды ұсынуда. Өйткені, «Ақпараттандыру туралы» заңның 33-1-бабына сәйкес, цифрлық актив төлем құралы емес, ал арнайы АХҚО-ның экономикалық аймағын қоспағанда, Қазақстанда қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға және айналымына тыйым салынады. Заңдастыру мәселесі, әсіресе, банк жүйесі арқылы ақшалай қаражатты депозитке салу және шығару үшін биржалық транзакциялар үшін өзекті болып табылады. Жалпы криптовалютамен байланысты алаяқтық фишингтік айла-шарғы, жалған криптобиржалар мен крипто әмияндар, жалған қосымшалар, SIM-картаны ауыстыру арқылы және инвестициялармен жасалады.

Жаһандық экономиканы дамытудың локомотиві

Еліміздегі криптоиндустрияны заңнамалық реттеудің негізі 2020 жылғы 25 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңнан басталды. Онда цифрлық майнинг заңды кәсіпкерлік қызмет деп танылып, цифрлық активтер мен блокчейн ұғымы анықталды. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап цифрлық майнинг кезінде тұтынылатын электр энергиясының 1 киловатт-сағатына 1 теңге көлемінде салық енгізілді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш министрлігінің мәліметіне қарағанда, 2020 жылдан

номиканы дамытудың локомотивінің бірі болады. Криптовалюта индустриясына қатысушыларды қорғауға

Сіз не дейсіз?

Бауыржан ШУРМАНОВ, қаржы сарапшысы:

– Криптовалютаны көп адам әлі түсінбейді. Оның жай азамат тұрмақ, қаржы сарапшысы ретінде маған да түсініксіз тұсы өте көп. АҚШ-тың өзінде қазір қаржы нарығын реттеу органы мен әлемнің жетекші криптобиржасы арасында үлкен сот ісі жүріп жатыр. Криптовалютаға ақшаны жайдан-жай құюға болмайды. Бұл әсіресе, әлеуметтік сала қызметкерлері үшін маңызды. Өйткені онда ақшалай қалай тез көбейтем деген адамның 1-2 минутта бүкіл жалақысынан айырылу қаупі жоғары. Криптовалюта қазір криптобиржаларға ғана пайдалы. Әрине, олар заңды түрде тіркеліп, бизнес сияқты жұмыс жасайды. Сол жері ғана мемлекетке тиімді. Ал қарапайым халыққа әлі өте қауіпті деп есептеймін. Халықтың қаржылық сауатын көтерудің дұрыс жолы қор нарығындағы акция, облигация сияқты базалы қағазбен жасалатын сауда. Ол математикалық есептеу жазғынан да, қисын жазғынан да анық. Онда сұраныс пен ұсыныс түсінікті. Сарапшылар оны ай сайын айтып, ескертіп тұрады. Ал криптобиржадағы криптовалюта нарығында ол түсініксіз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Сот актілерінің дер кезінде орындалуы халық үшін де, мемлекет үшін де маңызды. Сот шешімінің созба-лаңға салынбай жедел орындалуы тараптарды әуре-сарсаңнан құтқарып, сот пен билікке деген сенімін нығайтады. Соған орай атқарушылық өндірістің сапасын арттыру қашан да басты орында тұрады.

Мемлекеттік қызметті атқарушылық әрекеттердің жасалу орны бойынша аумақтық әділет органдары көрсетеді. Алматы қаласы Әділет департаментінің «Жеке және заңды тұлғалардан сомаларды өндіру бойынша аумақтық бөлімінің» де бұл қызметті сапалы жүргізуде орны зор. Бұл бөлімге қарапайым халықтың сот орындаушылар қызметі бойынша сауатын арттыру, сот шешімдеріне қатысты көпшіліктен түсетін сауалдарға жан-жақты жауап беру, құқықтық құжаттарды дайындау мен орындаудың тәртібін түсіндіру жүктелген. Соның ішінде азаматтар тарапынан «Өндіріп алушының өтініші бойынша атқару парағы негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғауға» қатысты сұрақтар жиі қойылады. Осы мемлекеттік қызметті көрсету нормалары Әділет министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №69 бұйрығында толық дәйектелген. Сондықтан да, жоғарыдағы қызметті көрсеткенде сот орындаушылар Әділет министрінің №69 бұйрығын басшылыққа алады.

Аумақтық бөлім атқару парағы негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өндіріп алушының өтініші түссе салысымен оны ортақ базаға тіркеп, орындау үшін мемлекеттік сот орындаушының құзыретіне береді. Ал мемлекеттік сот орындаушы арнайы тіркеліп,



өндірісіне түскен істі үш жұмыс күні ішінде қарап, атқарушылық өндірісті қозғау туралы немесе өндірісті қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Атқарушылық өндіріс қозғалған жағдайда іс «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылар мәртебесі» туралы заңның шеңберінде жүзеге асырылады.

Жеке және заңды тұлғаларға бұл мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметтің нәтижесін алу көрсетілетін қызметті беруші арқылы; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен «электронды үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

«Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларымен Алматы қаласы Әділет департаментінің сайтынан танысуға болады.

Аннель МҰСАХАНОВА,
Алматы қаласы Әділет департаменті жеке және заңды тұлғалардан қаржы өндіру бойынша аумақтық бөлімінің аға сот орындаушысы

Соңғы жылдары экономикалық және жекеменшіктік құқықтық қатынастарды реттеуге байланысты нотариат қызметі кең көлемде қолданысқа ие болып келеді. Негізі заман ағымына сай құқықтық қатынастарды басқару мен реттеудің жаңа жүйесіне көшкен елімізде 1921 жылдан бастап нотариаттық столдар жойылып, нотариат қызметі мемлекеттік құрылымдарға берілген болатын. Одан бергі уақытта бұл сала біршама жетілдіріліп, уақыт сұранысына сай бейімделді.

НОТАРИАТТАР ҚЫЗМЕТІ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Саланың даму кезеңіне көз салсақ, 1923 жылы «Мемлекеттік нотариат туралы» ереже қабылданды. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін, 1997 жылғы 14 шілдеде «Нотариат туралы» заң қабылданып, ол Қазақстандағы нотариустардың құқықтық мәртебесін өзгертті. «Нотариат туралы» заңның 34-бабына сай нотариустар мәмілелерді куәландырады. Нотариустың заңгер ретінде мәмілені куәландыруы оның заңдылығына күмәндануға жол бермей, керісінше, сауатты жасалуына және тараптардың мүддесі мен заңнамаға қайшы келмейтініне кепілдік береді. Тараптардың психикалық жағдайына не олардың масаң күйде екеніне күмән туса, нотариус нотариаттық іс-әрекет жасауды кейінге қалдырады. Нотариус тараптарға олар табыс еткен мәміле жобасының мазмұны мен мағынасын, оның құқықтық салдарын түсіндіреді. Сондай-ақ, оның мазмұны тараптардың шын ниетіне сәйкес келетінін және заң талабына қайшы келмейтінін тексереді.

Жасалған нотариаттық әрекетті немесе нотариаттық әрекет жасаудан бас тартуды дұрыс емес деп санайтын мүдделі тұлға бұл туралы нотариус немесе нотариаттық әрекет жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адам тұрған жері бойынша сотқа шағым беруге құқылы. Шағым жасалған нотариаттық әрекет туралы немесе нотариаттық әрекет жасаудан бас тарту туралы арыз берушіге

белгілі болған күннен бастап есептелетін он күн мерзімде сотқа беріледі.

Арыз берушінің шағымын қанағаттандырған сот шешімі жасалған нотариаттық әрекеттің күшін жояды немесе осындай әрекетті жасауға міндеттейді. Осылайша, азаматтардың кәсіби көмек алу құқығын және құқықтық қорғанысын қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлік жасқа жетпеген немесе қорғаншы не қамқоршысы бар басқа тұлғалардың мүлкінің кемуіне әкеп соқтыратын кез келген мәмілені жасаған кезде осындай мәмілені жасауға қорғаншы және қамқоршы органның келісімі талап етіледі.

Мәміле куәландыру кезінде нотариустың тікелей өзінің қатысуымен қол қойылуы маңызды. Егер азамат дене кемістігі, ауруы немесе өзге себептер салдарынан қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша басқа азамат қол қоя алатыны заңда нақтыланған. Егер азамат нотариаттық іс жүргізу тілін білмесе, онда нотариатты түрде куәландыратын құжат мәтінін нотариус, не аудармашы аударып, ол туралы құжатқа белгі қойылады. Бүгінде уақыт өте қызметі де жетілдіріле түскен нотариаттық қызметтер заман талабына сай дамып келеді.

Гайде МЕЗГИЛЬБАЕВА,
Бостандық аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТҰРАНСЫЗ ТАРҚАМАҒАН АЛАШ ШЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қайран арыстардың, әсіресе, ел мен жер туралы, ата-бабасының кешіп өткен жолы туралы шерлі сырларының әрбір жолы қатталып-шотталып, тізімделіп, империяның сүйенер дәлел құжатына айналып шыға келетінін қайран ерлер қайдан білсін?! Жок, білмеуі де мүмкін емес. Әрине, білді, қасақана сес көрсетіп, «міне, біздер кімнің ұрпағымыз!» деп, құлдық ұрмаған қалпында, тік тұрып, басын имей зорлықшылдың мейірімсіз қылышына мойынұсынғаны деуіміз керек шығар.

Шынында да, Алаш арыстары тым тәкаппар, Көк Түріктің нағыз қасиетін сақтап қалған қара шаңырағына адал перзенттер еді. Әйтпесе, ажал аранына тап келіп, империяның қанды қылышы төбесінен төніп тұрса да қайран Мағжан жүрегі селт етіп қаймықтастан:

*Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға,
Қырда тұрып, садақ тартқам Қытайға.
Талай тайғақ, тар кешуде таймаған
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?*

*Талмай, қайтпай қамал бұзған кемеңгер,
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер.
Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен
Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер! –*

деп өр дауыымен қаһарлана айбат шегер ме еді?!

Неткен құдіреттілік, қандай жүрек жұтқан қайсарлық? Ұлы Даланың мынандай өжет перзентінің рухын кім сындыра алсын!? Нақ осындай айбынды, асқақ жырлар Мағжанды жалғыз-жарым емес, төрт-бесеу де емес, әлденешеу, бәлкім, ондап-жиырма етіп санатар. Қол қалт еткенде, ақын рухымен тілдескің келіп, жыр жинағын парақтай қалсаң, әр бетінен қау етіп көтерілген қуатты жалын жүзінді шарпып, күйдіріп, қарып өтердей.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов Мағжан туралы: «...бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» – деп баға беріп, ағынан жарылған екен. Көпірме мың мақтауды жапырып кетердей осынау лебізін ұлы қаламгеріміз өзге кімге арнап айтар еді? Осынау қысқа да нұсқа айтылған көзқарас дана халықтың барынша ақиқатшыл, барынша әділетті тілегіндей өзгеше шынайы болып көрінеді. Қайран ақын өзінің ақындық ғұмырында ажалмен ойнағандай, өкшелеген өліммен тіресіп, арпалысып ғұмыр кешіпті. Сонда да талапайға түскен талайлы тағдырына бас имей өткен.

Ақиқат анығы сол, Мағжан өзінің қысқа да болса, жасындай жарқылдаған ғұмырында кеңестік большевизмнен айылын жимаған, өз сөзімен айтсақ, нағыз «арыстандай айбатты, жолбарыс жүректі» қайсар ер, империя аспанынан найзағай отын түсірген құдіретті ақын, қуатты да екпінді жырымен отаршыл саясатқа қарсы шауып, қайтпай күресті. Мағжан Жұмабаевтың кеңестік саясатқа, отаршыл империяға қарсы найзағай болып атылған жырлары әлі талай ұрпақтың рухын оятып, заманнан-заманға құдіреттің өзіндей болып асқақтап жете береріне титтей күмәніміз жоқ. Оның басқа-басқа, коммунистік партияны тапжылтпастан, тыпыр еткізбей отыз жыл бойы уысында ұстаған, алып мемлекеттің аумағындағы бағынышты құлдары түгілі, бүкіл дүние жүзі халқын қорқынышты үрей жетегінде дірілдетіп ұстаған «темір» Сталиннің өзін әшкерелеп, жауыздық саясатын астарлап танытуы, сөз жоқ, жүрек жұтқан батылдық болатын.

«Жүсіп хан» деп аталатын бұл поэманы мұқият оқып отырсаңыз, оның тап сол миллиондаған жазықсыз жанның қанын аяусыз ішкен қатыгез диктатор бейнесін дәл танып, айырап едіңіз. Ертегі сюжетінің желісімен жазылған бұл туындыда Аббас ханның орнына он күн билік басына келген Жүсіп хан, «қолыма билік тиді ме, тимеді ме?» деп, білегін сыбанып, сол санаулы күннің ішінде-ақ, қарамағындағы бағынышты бұқараны қынадай қырады. Енді жұрт әділетсіздігімен, қатынқұмар, шарапқұмарлығымен аты шыққан бұрынғы билік иесі Аббас ханның оралуын аңсап, онымен жылап көрісердей күй кешеді. Жүсіп ханның ел басқаруын ақын былайша сипаттайды: «... Бастады Жүкең бір істі: ел билеуге кірісті. Жақтап жарлы, жалшыны, сыпырғандай тезекті, өңшең залым кезептен, еңбекші елді аршыды. Жарлықты Жүкең жаудырды, үззірді жер аудырды, қазының басын алдырды. Машайығын, молдасын, қойқаңдаған қолбасын, абақтыға салдырды. Мұнапық талай мұңдардың, елді сорған сұмдардың, қырықтырды басын түйме-



дей. Байларды айдап жиғызды, Тұмылдырық кигізді! ...Шейіт кетті-ау не серке... Бізге де кезек күні ертең, келмесіне кім кепіл?..»/М.Жұмабаев. Шығармалар жинағы. А. «Өлке».2013. 314-316 беттер./

Иә, кедейдің күнін туғызам, халыққа теңдік, бостандық алып берем деген кеңестік большевиктер үкіметінің халықты тап осындай қызыл қырғынға бөктіргені белгілі. Әуелгіде Лениннің халықшыл жұмсақтау болып көрініп, сендіре бастаған, үміт отын тұтатқандай болып көрінген саясаты Сталин билік тізгінін қолына алған сәттен бастап, мүлде өзгеше бағытқа бет алды. Жоғарыдағы Мағжан поэмасындағы айналдырған он күннің ішінде ел ішінде адам айтқысыз бүліншілік қырғын тудырып үлгергеніндей, Сталин де таққа отырысымен сұмдық сойқанды бастап кетіп, отыз жыл бойы тынымсыз қан төккені белгілі. Үкіметі мен басшысына сенген елдің үміті қырқылды, алып мемлекеттің ішін бұрын-соңды болмаған апат жайлады, көмпесе қырғыны, түрлі соғыстар, ашаршылық, репрессия...

Мағжан поэмасындағы Жүсіп – Иосиф Сталиннің озбыр, қанды қырғын саясатын нақты елестететін тұлға екендігін айыру аса қиындыққа түспейді. Ол аз болғандай, хан есімінің өзі тура осы ойға нұсқап тұрған жоқ па? Қазақ әдебиетінде, нақ сол жылдары Сталин саясатын осыншалық ашықтан-ашық танытып, әшкере қылған туынды болған емес. Қазақ әдебиетінде дейміз-ау, тіпті, советтік әдебиетте сталиндік саясатты өткір сынаған шығарма туралы естіген емеспіз. Әрине, Сталин өлгеннен кейінгі сын-ескертелер туралы әңгіме басқа. «Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап» дегендей, ондайда әркім батыр болып шыға келер. Ал нағыз батырлық пен қаһармандықтың үлгісі Мағжан ақындай-ақ болсын!

Мағжанның қай қырын алсаңыз да адамшылық пен азаматтықтың биік үлгісі андызап менмұндалап тұрады. Ата-бабаның қасиетті жолын, киелі тарихын қастерлеген ақынның өз поэзиясында «Тұран», «Түркістан», «Көк Түрік», «Пайғамбар», «Күн», «Гун», «Тәңірі» атауларын символдық образға айналдыруы оның поэзиясын, жалпы шығармашылық бағытын құдіретті етіп, тұғырын асқақтата түскен. Кешегі кеңестік дәуірде біз бұл жырлардың идеялық қуат-күшін сезінбей келдік, дәлірек айтсақ, заманымыз сездірмей келді. Әрине, «ештен кеш жақсы», кешеуілдеп болса да ұлы поэзия рухымен табысып, Мағжандай өз заманында қуатты жырларымен ұйытқыта соғып, үстем саясаттың тынышын алған ақынның асыл жанын қиянатшыл империя қиса қиюға шамасы жеткен шығар-ау. Бірақ өршіл рухты, алдаспандай өткір жырдың түбіне жеткен жоқ. Мағжанның өміршең жырлары халқымен енді ажырамастай қауышып, мәңгіліктің болашағына жол тартты. Халықтың баға жетпес қазына байлығына айналды. Бүгінгі ұрпақтың, барша жұртымыздың үлкен бақыты да осы болса керек.

**Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы**

Ресурстар мәселесі – азық-түлік немесе ашаршылық мәселесі; энергетика; демографиялық мәселе; климаттың өзгеруі; экологиялық мәселелер; «Үшінші әлем» елдерінің артта қалуын жою; қауіпті аурулардың алдын алу; әлемдік мұхит пен космосты игеру; қылмыс, терроризммен күрес; нашақорлыққа қарсы күрес – халықаралық деңгейдегі 11 ірі мәселе.

ӘЛЕМДІК МӘСЕЛЕЛЕР ЛИДЕРЛЕР ӘРЕКЕТІМЕН ҒАНА ШЕШІЛМЕЙДІ

Аталған мәселелер ғаламдық, аймақтық, ұлттық деңгейдегі жоспарлы қадамдармен шешіледі. Бірақ бұл жоспардың орындалуына өзара келісімдер мен үйлесімділіктің болмауы кедергі. Бүгінгі күні кеткен шығынның басым бөлігі экологияға жұмсалуда. Себебін жалпы тіршілік көзінің болашағымен түсіндіруге болады. Ал еліміздің ядролық қарудан бас тартуы, осы бағыттағы алғашқы үлкен қадамның бірі.

Ғалымдардың «озон қабаты жұқарып барады», – деп дабыл қағып жүргеніне біраз болды. Атмосфераның бар болғаны 0,004% пайызын құрайтын қабат, барша тіршілікті Күннің ультра күлгін сәулесінен қорғап тұр. Биосфера дәл осы қабаттан аяқталып, одан кейін тіршілік көзінің кездеспеуі де сондықтан. Қалыңдығы не бәрі 2-4 мм құрайтын озонфераның озон молекулаларын ядролық жарылыстар, әуе және ғарыш кемелерінің толық жанып үлгермеген отын қалдықтары ыдыратады екен. Бірақ, қауіптің басым бөлігі күнделікті тұрмыста қолданатын тоңазытқыш пен аэрогел балондарында, көлік хлорогендерінде болатын фреон газдарында екен. 1987 жылы Монреал хаттамасында 70 мемлекет арасында келісім жасалып, 2010 жылға дейін фреон өндірісі тоқтатылуы керек болған. Бүгінгі таңда фреон қолданылатын техниканы дүкен сөресінен көре алмайсыз. Дегенмен, ескі тоңазытқыш не кондиционер иесі болсаңыз, техниканы утилизация жасар кезінде арнайы орындарға тапсыруыңыз маңызды. Бұл ғаламдық мәселені шешудегі қарапайым да болса маңызды әрекеттің бірі.

Жақында әріптесіміз Айбар Олжай Facebook парақшасында: «Алматы экологиялық ғажайыбы ТЭЦ, жеңіл көлік, ауыр көлік сынды үш бағыт бойынша жүретін болды. Және ушеуі де бір уақытта басталды. Осы аптада қытайлық үш ірі компаниядан құралған консорциум («Dongfang», «Powerchina Sepsco», «Powerchina Hebei») Қазақстанмен ЕРС контрактқа қол қойды. Олар тез арада Алматыдағы ТЭЦ-2-ге газбен жұмыс істейтін қазандық салып, іске қосады. Демек, біз көмірден кетеміз. Ең үлкен ТЭЦ-тен қара түтін шықпайтын болады», – деген

жақсы жаңалығымен бөлісті. Поста және де Қазақстан нарығына Zeekr, Hongqi, BYD сынды қытайлық электромобильдер кіріп, іштен жану қозғалтқышы бар автокөліктерді ақырындап алмастыратыны және бұл тенденцияны қазақстандықтар белсенді қолдап келе жатқаны жазылған.

Ғаламдық мәселелерді шешу жолында отандық ғалымдар да қарап отырған жоқ. Мысалы, Назарбаев университетінің ғалымдары асфальт астына орнатылатын электр көліктерін сымсыз зарядтау жүйесін ойлап тауыпты. Бұл қаланы аралап жүргенде немесе кептелісте күтіп тұрғанда электромобильдері зарядтауға мүмкіндік береді. Электр көліктердің ақырын қуаттанатындығы шынында мәселе. Бұл осы мәселені шешпек. Жоба әлі толық дайын емес. Отандық ғалымдар энергияны минималды жоғалту және қуат алудың ықтималды көзін қарастыруда. Ол жел не күн электр станциясы болуы бек мүмкін. Барлық жұмыс құрылымы оптимизацияланған соң халық өнертабыстың игілігін көрері айdan анық. Тіпті, өнертабыс игілігін отандық электр көлік тізгінінде отырып көруіміз де ғажап емес. Бірнеше ай бұрын интернет ресурс беттерінде QOSHAR AUTOMOTIVE-тің ресми сайтында «Qoshcar GT Vision 1» көлігінің суреті жарияланды. Іс басында Илияс ЖОЛАМАН есімді азамат тұр. Жоба авторлары өз стартаптары жайлы: «Біз заманауи мегаполис концепциясына сай, алыс қашықтыққа саяхат жасауға мүмкіндік беретін, сәнді әрі жайлы және ең бастысы қоршаған ортаға зияны жоқ сенімді автокөлік жасаймыз», – деп уәде беріп отыр. Жоспар бойынша электр және гибрид форматтағы көліктер шықпақ. Әзірге жоба құны, өзге уақыты, техникалық жабдықталуы жайлы ақпарат берілмеді. Бірақ жоба авторлары бастапқы кезеңге жылына 4 мың көлік өндіруді жоспарлап отыр.

Әлемдік мәселелер тек лидерлер әрекетімен ғана шешілмейді. Әрбір адам өз үлесін қосуы маңызды. Дініміз, салтымыз, әдет-ғұрпымыз, ұлтымыз бөлек болғанымен, үйіміз ортақ. Кемедегінің жаны бір екенін ұмытпайық, ағайын.

Нұрбол ЖЫЛЫС



ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5615 дана
Апталық таралым 11 230 дана

Тапсырыс №94 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31